The analysis of these aspects in relation to Mongolia showed that labor relations, labor, working time are connected in the country with historical, political, economic traditions, on the one hand, and with the new realities of the global world. The problem field in the field of labor relations for Mongolia, unlike Kazakhstan, is mainly labor migration. Since the country belongs to the developing countries of “migration donation”. At the same time, the country is pursuing a consistent legal policy and organizational and institutional measures to manage risks in the field of labor relations: laws are functioning and updated that address issues of external labor migration (the Law on Employment Promotion, the Law on Labor, the Law on the Legal Status of Foreign Citizens). Given the scale of migration from Mongolia, one should also expect an increase in “return (reverse) migration” flows, the problems of which require appropriate research. In this regard, there is a lack of statistical data on external labor migration from Mongolia: the available statistics do not allow us to fully analyze migration flows in their temporal dynamics, socio-demographic structure, and spatial differentiation [13]. Obviously, there is a great need to create a system for collecting information on external labor migration, in particular, information on the goals and objectives of external labor migration, working and living conditions of migrants, their problems and difficulties, and the consequences of migration. These data are necessary for the analysis and development of migration policy measures in the context of social protection and regulation of labor relations, both outside the country and inside.

According to the authors, foreign policy factors are significant factors influencing the state and prospects of labor relations (the authors deliberately did not take into account aspects of internal political relations in Mongolia). Mongolia was compelled to refocus its foreign policy following the fall of the Soviet Union and Russia's objective departure from the sponsorship of the subsidiary economy. China first became Mongolia's principal ally. The establishment of an equal conversation is hampered by a number of unresolved issues in Sino-Mongolian relations, such as attitudes toward the Dalai Lama and Tibet's status. The idea of the “Chinese threat” was also updated among Mongolians as trade and economic ties between these nations expanded and Russia's influence significantly decreased (there is a steady idea of “Chinesophobia” in Mongolian scientific literature). The “third neighbor” concept, which Mongolia sought out in response to the combination of these factors, was a third force that could counterbalance China's sway. China and Russia continue to be Mongolia's top foreign policy priorities at the same time. The concept of “the third neighbor” has an intriguing strategic application, according to Edgar A. Porter. Everyone, including the United States, is sent the message that China and Russia remain the “number one” and “number two” neighbors in the world, respectively. She informs the US that, despite their recent closeness, their ties to two significant historical neighbors are still paramount [15]. The external determining, predominating factor for the state and evolution of labor relations in Mongolia is the juggling act between the execution of a self-sufficient foreign policy based on collaboration with a number of developed states, which can balance Mongolia's two geographical neighbors in the face of China and Russia, and the “third neighbor”, which needs to be studied from the perspective of a scientific political and philosophical approach.

The analysis of the political and philosophical aspects of working time and labor relations may be able to advance with a considerable move away from rigid worker subordination and toward development, more equal interactions, and social partnership. When evaluating these labor relations issues, there are various other political and philosophical issues to take into account. In light of the fact that current technologies directly affect both the structure of the labor market and how the population is employed, it is critical to examine labor from a political and philosophical perspective. It's also essential to comprehend the underlying concepts guiding technological growth as well as the social context in which current technologies emerge. Since the political and philosophical defense of the value of laborer action results in novel technologies being created in and of themselves. The basic causes of other important labor-related concerns can be found in the debates over the definitions of freedom, labor, and work. Analyzing the issues with alienation, technological growth, and the creation of the “I-image” of a modern worker is crucial when considering the relationship between

freedom and labor. There isn't a simple solution to this question. An analysis of the political and philosophical dimensions of labor and working time considers the connection between labor relations, on the one hand, and a person's status in society, which influences how people are seen. While H. Arendt claims that contemporary society is an "economized" society of "loners", E. Jünger asserts that labor is the new sociality [16]. The question of what work means is related to the question of freedom and work [17]. The authors of the essay concur with the idea that more unconstrained work activity makes more sense. The capacity of labor to contribute meaning to human life or to have a purpose of its own can also be called into doubt. We gain the advantage of being able to answer to questions regarding labor and labor relations from a number of conflicting points of view by studying the political-philosophical side of labor.

References

- 1 Лиотар Ж.-Ф. Феноменология / Ж.-Ф. Лиотар // Сер. Метафизические исследования. — 32 с. — М.: Алетейя, 2001.
- 2 Ялтинское (Крымское) соглашение трех великих держав по вопросам Дальнего Востока 11 февраля 1945 г. // Системная история международных отношений. 1918–2000: [в 4 т.]. — Т. 2 / под ред. сост. А.В. Мальгина, под ред. Богатурова. Моск. обществ. науч. фонд. Ин-т США и Канады РАН; Гос. ун-т гуманитар. наук. — М.: Наука, 2000. — С. 225.
- 3 Договор о дружественных отношениях и сотрудничестве между Республикой Казахстан и Монголией. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-ulaanbaatar/activities/2140?lang=ru>
- 4 Дамбиев Ч.Ц. Влияние внутривластных процессов в Монголии на современные монголо-китайские отношения [Электронный ресурс] / Ч.Ц. Дамбиев // Власть. — 2016. — № 10. — С. 83–87. — Режим доступа: <https://www.vestnik.mgimo.ru/jour/article/viewFile/1727/1323>
- 5 Конституция Монголии 1992 года. Ст. 10. Сайт Великого Государственного Хурала. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.parliament.mn/>
- 6 Базаров В.Б. Внешнеполитический курс Монголии в XXI веке [Электронный ресурс] / В.Б. Базаров // Вестн. Новосибир. гос. ун-та. Сиб. филос. журн. — 2018. — № 12(10). — С. 83–87. — Режим доступа: <https://vestnik.nsu.ru/historyphilology/files/bc20c32584bf2c963dec8ea76c271d06.pdf>
- 7 Гольман М.И. Монголия и Япония: переход к экономическому партнерству [Электронный ресурс] / М.И. Гольман // Интернет-журн. «Новое Восточное обозрение». 08.09.2014. — Режим доступа: <http://ru.journal-neo.org/2014/09/08/mongoliya-i-yaponiya-perehod-k-ekonomicheskomu-partnerstvu>
- 8 Batbayar T. The Third Neighbour Policy and Australia Mongolian relations / T. Batbayar // Journal of International Affairs, 2014. — 19. — 5.
- 9 Старостин В.А. Политико-философское содержание трудовых отношений и рабочего времени / В.А. Старостин // Вопросы управления. — 2019. — № 4 (59). — С. 34–42.
- 10 Социальный кодекс Республики Казахстан от 20.04.2023 г. № 224–VII ЗРК. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2300000224>
- 11 Основные индикаторы рынка труда в Республике Казахстан. — 2022. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://stat.gov.kz>
- 12 Gundsambuu Kh. Social Stratification in Contemporary Mongolia Society / Kh. Gundsambuu // "ZotoI" Club of Professional Sociologists. — 2002.
- 13 Статистическая база Монгольского национального комитета статистики. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.nso.mn/index.php>
- 14 Тувшинтугс А. Трудовая миграция в Монголии и Узбекистане: новые тренды и подходы к регулированию / А. Тувшинтугс, И.В. Имидеева, П. Пуревзул, Н.С. Рязанцев // ДЕМИС. Демографические исследования. — 2022. — Т.2, № 1. — С. 55–68.
- 15 Porter, Edgar A. From Calvin to Mao and Beyond: A Memoir / Edgar A. Porter. — St. Andrew University Press. — 2007.
- 16 Арндт Х. Vita active, или О деятельности жизни / Х. Арндт. — СПб.: Алетейя, 2000. — 624 с.
- 17 Юнгер Э. Рабочий. Господство и гештальт [Электронный ресурс] / Э. Юнгер. — Режим доступа: http://librebook.me/der_arbeiter_herrschaft_und_gestalt/vol1/1

О.Т. Аринова, Ч. Самбуу

Қазіргі қоғамдар саясатындағы еңбек қатынастарының факторы: Моңғолия мен Қазақстан тәжірибесі

Мақалада Моңғолия мен Қазақстан Республикасындағы еңбек қатынастарының (соның ішінде еңбек эмиграциясының) дамуына әсер ететін факторларға жалпылама әлеуметтік-философиялық талдау

жасалған. Зерттеу жұмысында еңбек қатынастарының саяси-философиялық мазмұнына баса назар аударылған. Салыстырмалы аспектіде еңбек қатынастарын реттеудің тенденциялары мен тәсілдері аймақтық ынтымақтастықтың назарында қарастырылады. Авторлар еңбек қызметінің өзекті саяси-философиялық мәселелерін (жұмыспен қамту және бостандық, еңбектің мақсаты, еңбектің негізі ретіндегі жұмыс уақыты және т.б.) зерттеуге ерекше көңіл бөлген, еңбек қатынастарын реттеу саласындағы тенденциялар мен проблемалар жөнінде айтып өткен. Моңғолияның халықаралық қатынастар жүйесіндегі орнының ерекшеліктеріне тоқталған, елдің сыртқы саясатының детерминанттары көрсетілген. Қазіргі екі қоғамның да саясатындағы «үшінші көрші» концепциясын ұстанудың әлеуметтік салдарларына талдау жасалған. Моңғолия қоғамының еңбек ресурстарын экспорттауға дайын, халықтың жас құрылымы бар демографиялық өтпелі қоғам ретіндегі әлеуметтік жағдайының ерекшеліктері туралы қорытынды жасалады. Моңғол қоғамынан айырмашылығы, белсенді көші-қон донорлығына қарсы қоғам ретінде қазақ қоғамының түбегейлі айырмашылығы атап өтілген.

Кілт сөздер: қоғам, әлеуметтік саясат, тарих философиясы, саясат философиясы, көші-қон, көпвекторлы көзқарас, тенденциялар, еңбек қатынастары, жұмыс уақыты, сыртқы саясат.

О.Т. Аринова, Ч. Самбуу

Фактор трудовых отношений в политике современных обществ: опыт Монголии и Казахстана

В статье предпринята попытка обобщенного социально-философского анализа факторов влияния на развитие трудовых отношений (трудоустройстве и трудовой эмиграции в том числе) в Монголии и Республике Казахстан. Исследовательский акцент сделан на политико-философском содержании трудовых отношений. В сравнительном аспекте рассмотрены тенденции и подходы к регулированию трудовых отношений в фокусе регионального сотрудничества. Особое внимание авторами уделено изучению актуальных политико-философских проблем трудовой деятельности (трудоустройство и свобода, цели и назначение труда, рабочее время как основа труда и др.); показаны тенденции и проблемы в области регулирования трудовых отношений. В статье акцентированы особенности положения Монголии в системе международных отношений, выделены детерминанты внешней политики страны. Дан анализ социальных последствий приверженности концепции «третьего соседа» в политике обоих современных обществ. Сделан вывод о специфике социальной ситуации монгольского общества как социума демографического перехода с молодой возрастной структурой населения, готовой к экспорту трудовых ресурсов. Подчеркнуто принципиальное отличие казахстанского общества как общества, противоположного активному миграционному донорству, в отличие от монгольского общества. Показана значимость трудовой миграции в социально-экономическом развитии обеих стран в контексте указанной противоположности. По мнению авторов, в изучаемых странах сложился подход к пониманию трудовых отношений как фактора устойчивого развития общества и государства.

Ключевые слова: общество, социальная политика, философия истории, философия политики, миграция, многовекторность, тренды, трудовые отношения, рабочее время, внешняя политика.

References

- 1 Lyotard, J.-F. (2001). Fenomenologiya [Phenomenology]. *Seriia Metafizicheskie issledovaniia —Metaphysical Studies Series*. Moscow: Aleteiia [in Russian].
- 2 Malgin, A.V., & Bogaturov, A.B. (Eds.). (2000). Yaltinskoe (Krymskoe) soglasenie trekh velikikh derzhav po voprosam Dalnego Vostoka 11 fevralia 1945 g. [Yalta (Crimean) Agreement of the three great Powers on issues of the Far East on February 11, 1945]. *Sistemnaia istoriia mezhdunarodnykh otnoshenii. 1918–2000 — Systemic History of International Relations. 1918-2000. Vols. 1–4*. Vol. 2. Moscow: Nauka [in Russian].
- 3 Dogovor o druzhestvennykh otnosheniakh i sotrudnichestve mezhdou Respublikoi Kazakhstan i Mongoliei [Agreement on Friendly Relations and Cooperation between the Republic of Kazakhstan and Mongolia]. Retrieved from <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-ulaanbaatar/activities/2140?lang=ru> [in Russian].
- 4 Dambiev, Ch.Ts. (2016). Vliianie vnutripoliticheskikh protsessov v Mongolii na sovremennye mongolo-kitaiskie otnosheniia [The influence of internal political processes in Mongolia on modern Mongolian-Chinese relations]. *Vlast — Power*. Retrieved from <https://www.vestnik.mgimo.ru/jour/article/viewFile/1727/1323>, 10, 83–87 [in Russian].
- 5 Konstitutsiia Mongolii 1992 goda. Statia 10. Sait Velikogo Gosudarstvennogo Khurala [The Constitution of Mongolia of 1992. Article 10. The website of the Great State Hural]. Retrieved from <http://www.parliament.mn/> [in Russian].
- 6 Bazarov, V.B. (2018). Vneshnepoliticheskii kurs Mongolii v XXI veke [Mongolia's foreign policy course in the XXI century]. *Vestnik Novosibirskogo gosudarstvennogo universiteta. Sibirskii filosofskii zhurnal — Bulletin of Novosibirsk State University*.

“*Siberian Philosophical Journal*”, Vol. 12(10), 83-87. Retrieved from <https://vestnik.nsu.ru/historyphilology/files/bc20c32584bf2c963dec8ea76c271d06.pdf> [in Russian].

7 Golman, M.I. (2014). Mongoliia i Yaponiia: perekhod k ekonomicheskomu partnerstvu [Mongolia and Japan: transition to economic partnership]. *Internet-zhurnal «Novoe Vostochnoe obozrenie» — Online magazine “New Eastern Outlook”*. Retrieved from <http://ru.journal-neo.org/2014/09/08/mongoliya-i-yaponiya-perehod-k-ekonomicheskomu-partnerstvu> [in Russian].

8 Batbayar, T. (2014). The Third Neighbour Policy and Australia Mongolian relations. *Journal of International Affairs*, 19(5).

9 Starostin, V.A. (2019). Politiko-filosofskoe sodержanie trudovykh otnoshenii i rabocheho vremeni [The political and philosophical content of labor relations and working time]. *Voprosy upravleniia — Management issues*, 4(59), 34–42 [in Russian].

10 Sotsialnyi kodeks Respubliki Kazakhstan ot 20.04.2023 g. No 224–VII Z RK [Social Code of the Republic of Kazakhstan dated 20.04.2023 No. 224-VII SAM]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2300000224> [in Russian].

11 (2022). Osnovnye indikatory rynka truda v Respublike Kazakhstan [Main indicators of the labor market in the Republic of Kazakhstan]. Retrieved from <http://stat.gov.kz> [in Russian].

12 Gundsambuu, Kh. (2002). Social Stratification in Contemporary Mongolia Society. “Zotol” Club of Professional Sociologists.

13 Statisticheskaia baza Mongolskogo natsionalnogo komiteta statistiki [Statistical database of the Mongolian National Statistics Committee]. Retrieved from <http://www.nso.mn/index.php> [in Russian].

14 Tuvshintugs, A., Imideeva, I.V., Purevzul, P., & Riazantsev, N.S. (2022). Trudovaia migratsiia v Mongolii i Uzbekistane: novye trendy i podkhody k regulirovaniu [Labor migration in Mongolia and Uzbekistan: new trends and approaches to regulation]. *DEMIS. Demograficheskie issledovaniia — DEMIS. Demographic research*, 2(1), 55–68 [in Russian].

15 Porter, Edgar A. (2007). *From Calvin to Mao and Beyond: A Memoir*. St. Andrew University Press.

16 Arendt, Kh. (2000). *Vita active, ili O deiatelnosti zhizni* [Vita active, or About the activity of life]. Saint Petersburg: Aleteiia [in Russian].

17 Yunger, E. Rabochii. Gospodstvo i geshtalt [Domination and gestalt]. Retrieved from http://librebook.me/der_arbeiter_herrschaft_und_gestalt/vol1/1 [in Russian].

А.Ю. Балтабаева*, Г.К. Ахметова

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан
(E-mail: alyona.baltabayeva@ayu.edu.kz)*

Сопылық тариқаттар философиясындағы әйел бейнесі

Мақалада Орта Азияда ислам діні аясында сопылық тариқаттардың ілімі мен негізгі қағидалары қарастырылып, оның ішінде салыстырмалы түрде мұсылман қоғамында әйел-аналардың рөлі мен орны зерттелген. Тариқаттардың негізін қалаушы ұстаздары және олардың бағыттарына тән негізгі ұстанымдар жайында түсініктеме берілген. Сопылық тариқаттар философиясындағы жария, құпия зікір амалдары, ерлер мен әйелдердің қатысу тәсілдері қарастырылды. Сопылықта әйел мен еркек рухани жолда әрқашан тең болғандығы туралы сөз қозғалды. Әркім құдайлықпен өз байланысын орнатуы керек екендігін және әйелдердің бұл қасиеті бойынша еркектерден еш айырмашылығы жоқ екендігі туралы пайымдалды. Сонымен қатар, сопылық ілімінің таралуына әйел сопыларының ықпалы мен рөлі сараланды. Кейбір сопылық тариқаттарда әйелдер жоғары лауазымдарға ие бола алады және басқа әйелдерге рухани тәлімгер бола алатындығы зерделенді. Алайда, басқа тариқаттарда әйелдер өз мүмкіндіктерімен шектеліп, ерлер сияқты оқыту мен рухани басшылық дәрежесіне қол жеткізе алмауы мүмкіндігі тұжырымдалды. Ахмет Ясауи бабамыздың ілімімен қорытындыласақ, адам толерантты бола отырып, кемел болуына жыныс ерекшелігінің еш қатысы жоқ екендігін көруге болады. Қазіргі қазақ қоғамында әйелді кез келген саланың маманы ретінде елеулі жетістіктерге жеткенін көре аламыз.

Кілт сөздер: сопы, тариқат, зікір, ишан, мүрид, сема, дүниетаным, Ясауия, Кубравия, Қадария, Нақшбандия.

Kipicne

Ислам діні негізінде әр түрлі бағыттағы ағымдар мен ілімдер ортаға шықты. Құпиялылыққа толы діни ағымдардың бірі — сопылық. Сопылық — бұл медитация, контемпляция және басқа да рухани тәжірибелер арқылы Құдайға жақындауға ұмтылатын мистикалық ағым. Исламның маңызды ағымдарының бірі болған сопылықта әйелдер маңызды рөл атқарды. Олар Исламның рухани мәдениетін дамытуға үлес қосқан танымал мұғалімдер, мистиктер және ақындар болды. Олар өздерінің рухани тәжірибелері мен Құдай туралы түсініктерін бейнелейтін поэтикалық шығармалар жазды. Олардың шығармашылығы мен ілімдері әлі күнге дейін бүкіл әлемдегі көптеген адамдарды шабыттандырады. Алайда, шығармалардың басым бөлігі жойылған, сол себептен көптеген сопы-әйелдердің бейнесі ортаға шықпаған, зерттелмеген.

Сопы — Алла Тағаламен тікелей араласу мүмкіндігіне сенетін және өз өмірін осы байланысқа ұмтылуға бағындыратын адам. Көбінесе мақсатты өмір жолмен байланыстырылады, ал сопылар әдетте Хақ тағаланың есімдерінің бірі болып табылатын «Хақ жолына» сілтеме жасап, өздерін Жол иелері деп атайды [1; 3].

Түркі және қазақ ойшылдарының еңбектеріндегі сопылық туралы айтылған пікірлері және тұжырымдары жазылған шығармалары мен еңбектерінде біршама зерттелгенімен, әлі де зерттеуді қажет ететін тұстары баршылық деген ойға келеміз. Ғалымдар бұл ұғымға түрлі анықтамалар келтіріп кеткен, солардың бірі әйгілі сопы, Бағдад шейхы Әбу-Бәкір аш-Шиблидің пікірі бойынша «Сопы болу — бұл дүниеге келгенге дейін қандай болсаң, солай болу» деген сөз [1; 5].

Сопылық дүниетанымдағы махаббаттың маңыздылығы сонша, ұлы шейх Ибн-Араби және оның ізбасарлары сопылық дүниетанымды «Махаббат діні» деп атаған [1; 6].

Қазақ (түркі) даласында сопылық ілімі VIII ғасырдың соңында таралды. Сол кезде таралған исламның өзі сопылық мәндегі дін болатын. Қазақстан ішінде дінді (сопылық ілімді) таратқан Ысқақ баб екендігі туралы «Насабнама», «Садр ад-дин шайх рисаласы», «Тәзкире-и Бұғрахан» шежірелерінде айтылған [2; 118].

Сондықтан, түркі халықтарының мұрасында көптеген киелі орындар әйел-сопыларға арналған. Атап айтсақ, Қарашаш ана, Анбар ана, Домалақ ана, Бегім ана, Белең ана, Болған ана, Жұбан ана т.б.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: alyona.baltabayeva@ayu.edu.kz

Алайда, бұл әйелдердің киелілігі тек халық ауыз әдебиетінен танылған, сондықтан қоғамның дамуына, өгеруіне қосқан үлестері мен мұралары әлі де зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу әдістері

Мақалада сопылық мәтіндерді түсіндіруде герменевтикалық салыстырмалы талдау, жүйелі көзқарас, жалпыдан нақтыға әдіс-тәсілдері қолданылды. Тақырып аясында теориялық негіз ретінде атақты шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері мен зерттеулері қарастырылды.

Нәтижелері мен пікірталас

Қазақ даласында сопылық ілімді таратушылардың ең көрнекті өкілі — Қожа Ахмет Ясауи. Түркі жұртына исламды таратушылардың көшбасшысында тұрған Ысқақ бабтың он бірінші ұрпағы саналатын Ясауиге дейін де сопылық ілім көшпенді дала жұртына біршама таныс болған. Түркілік менталитетке тән сопылықты теориялық тұрғыдан негіздеп, қалыптастырып ілім дәрежесіне көтерген Қожа Ахмет Ясауи болып табылады. Сондықтан Ясауи есімі тарихта түркі сопылық *тариқатының** негізін салушы ретінде қалды [2; 119].

XII–XVII ғасырларда сопылық тариқаттар (сопылық ілімі) Орталық Азияда, атап айтқанда Түркістан, Бұқара қалаларында түркі, парсы тілдес халықтар арасында таралған.

Орыс ғалымы О.Ф. Акимовский былай дейді: «Сопылықтың өмір сүруінде оның таңғажайып әлеуметтік пластикасы да маңызды рөл атқарды; ол дәстүрлі халықтық культтер мен нанымдарды жөкедей сіндіріп, оларды таза мұсылмандық жолмен қайта өңделген бұқараға қайтарды». Осыған байланысты көптеген ислам ғалымдары Р. Николсоннан кейін сопылықты тек діни философияны ғана емес, сонымен бірге исламның бұқаралық дінін де көруге бейім [3; 5].

Орта Азияда сопылықтың негізін қалаушы Баха ад-дин Нақшбанд (Нақшбандия), Әбд әл-Қадир Жейлани (Қадария), Наджм ад-дин Кубра (Кубравия), Қожа Ахмет Ясауи тариқаттары таралған. Орта Азия халықтарының арасындағы мәдениетінің ажырамас бөлігінің бір ол — сопылық [4; 185–186].

Қ.А. Ясауи Сайрам қаласында дүниеге келген. Бұқара қаласында 1049-1140 жылдары аралығында Қожа Ахмет шейх Жүсіп Хамаданиден тәлім алған. Ұстазы Шейх Жүсіп Хамаданидің айтуы бойынша 1160 жылы Яссы (Түркістан) қаласына келіп, өз тариқатын жазып, қала тұрғындары арасында тарата бастайды [4; 186].

Ясауиға тариқатын ұстанушылар қатарында сопылық ілімді меңгерген шәкірттерден де басқа Ясауидің ақындық мектебінен шыққан Сүлеймен Бақырғани, Жүсіп Байдауи, Камалиддин Иқани, Шәмсадин Өзгенди, Құл Убайди, Құл Шәриф аты әйгілі тұлғалар да болды [2; 119].

Бірақ Ислам дінінің басты қағидалары мен тариқат жолы бір-біріне теріс әсер берген жоқ. Тариқаттың басты мақсаты шарифат жолын қабылдау. Мұның дәлелін Ясауи хикметтерінен көруге болады.

«Шарифатсыз тариқатқа кіргендердің,

Шайтан келіп иманын алады екен.

Осы жолда пірсіз дұға қылғандары,

Сарсан боп ара жолда қалады екен» [5; 104]. Бірақ тариқат пен шарифат жолдарын салыстырмалы түрде қарағанда тариқат жолының күрделі екендігін Ясауи хикметтерінде байқауға болады.

«Тариқатни йоллары дүр қаттиғ азаб,

Бу йолларда неча `ашиқ болды тураб» [6; 230].

Ясауи қалыптастырған сопылық тариқатта жалпы сопылық ілімге тән негізгі қағидаларының бірі Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) «Муту қаблә ән тамут», яғни «Өлмес бұрын өліндер» деген хадисі болып табылады. «Өлмес бұрын өлу» — нәпсінің барлық қалауларын ауыздықтап, нәпсіні тыю (өлтіру), тән қалауы (нәпсі) ретінде өлу, рух қалауымен өмір сүру дегенді білдіреді. Ал рух қалауы өзінің бастауы — Жаратушысы болып табылады. Демек, көңілінде Хақтан-ақиқаттан өзге ешбір мақсат қалмағанда ғана адам «өлмес бұрын өлген» болып саналады [2; 119].

Екінші ұстаным Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) «Лийабки кәсиран фәлйадхак қалилан», яғни «Көп жыллап, аз күліңдер» деген хадисі. Хадистің мәні — өтпелі дүниенің қызығына алданбай,

* Тарика – (көпше түрі «түрік», «жол», «сапар») шындықты мистикалық жолмен танып білу тәсілі. Құранда «жол» деген мағынада кездеседі. Тариканың тарихи мәні суфизмнің техникалық термині ретінде зор даму сатысына өтті.

өкінділер сәтті қиямет күнін жиі еске алып, ақыреттің қамын жеу, бұл дүниедегі емес, мәңгілік өмірдегі нығмет үшін күресу, сол үшін өткінші тәнді емес, мәңгілік жанды жетілдіріп, рухты кемелдендіру. Аллаға-ақиқатқа бастар жол да рухтың тазаруы мен кемелденуі арқылы жүзеге асады.

Келесі бір негізгі ұстаным — «Мән арафа нәфсаһ фәарафа раббаһ», яғни «Өзін таныған адам Раббысын да таниды». Өзін тереңірек таныған сайын өзін Жаратушының да сырларын, даналығын ұға түседі. Сопылық ілімінің, танымының тірегі — махаббат.

«Хауф уа рижә» ұстанымы үнемі қорқыныш пен үміттің арасында болу. Мұның мәні — Алланың қаһарынан қорқып, күнәдан тыйылу, оның рақымынан үміттеніп, ғибадат ету, сауапты істер жасау.

Ясауи сопылық ілімінде «мәләматийа», яғни «өзін сөгу, айыптау» қағидасы негізге алынады. Сопы адам тек өз кемшіліктерімен күреседі, өз мінін түзетумен шұғылданады, өз иманын бекіту, өзін жетілдіру жолында ізденеді [2; 120].

Сопылықта «сұхбат» мәселесі маңызды орын алған. Жеке адам тарапынан айтылатын уағыз-насихат емес, көршілікпен немесе екеуара өткізілетін сұхбат алғашқы орында тұрады. Сопылықта ең маңызды практика — *зікір**. Алланы еске ала отырып жасайтын барлық ғибадаттар (намаз, ораза, сауапты істер, зекет, садақа беру, қажылық) тұтастай алғанда зікір болып табылады. Ал зікірде белгілі бір қимылдар мен сөздерді (Құран аяттары) дауыстар (жария) немесе іштей (құпия) айтып Аллаға мадақ келтіреді. Көшпелі халықтарда атап айтқанда: ясауийа, кадрийа, чиштийа, бекташийа тариқаттарында жария зікірді ұстанған.

Құпия зікірді отырықшы халықтар арасында нақшбандийа, кубрауийа, сухрауардийа, хуруфийа тариқаттары ұстанған. Құпия зікір Әбу Бәкір Сыддықтан, ашық зікір Әли ибн Әбу Талибтен басталған деп саналады [2; 121-122].

Ясауи тариқатында жария зікірдің «ара зікірі» және «алқа зікірі» деп аталатын екі түрі болған. «Ара зікірі» ясауийа тариқатының дербес әдісі екендігі белгілі. Ясауидағы жиі қолданылатын зікір формулалары — «Аллаһ ху» және «Аллаһ хай» зікірі.

Жария зікірдің екі түрі бар екенін Ясауи хикметтерінен де көруге болады:

Астанаға башим қоюб зари қылсам,
Халқа қуриб, ким зикир айтса, иари берсам.
Зикирини айтыб ол сұхбатта дурлар терсам,
Жан уа дилда хайи зикирини айтың, достлар [6; 292].

Немесе,

Һу халқаси қурилди, ай, даруишлар келиңлар,
Хақ суфрасы найилди, андин улуш алиңлар.
Қал ғилмини оқубан, хал ғилмига етибан,
Иоклиқ ичра батибан, барлиқлардин алиңлар [6; 334, 336].

Жария зікірі формулалары халық арасында, әсіресе Оңтүстік және Батыс Қазақстанда қазірге дейін сақталған. Әндіжан, Ферғана өңірінің тұрғындары арасында Ясауи хикметтерін ерекше сарынмен орындау дәстүрі қазірге дейін кездеседі. Қазір Әндіжан және Наманган қалаларында жария зікір орындайтын 3-4 топ бар. Оларда 100-ден аса зікіршілер, Ясауидің «Диуани Хикметін» әуенмен орындайтын 5 хафиз бар. Оларды тікелей ясауийа тариқатының өкілдері деу қиын, өйткені Өзбекстан жерінде кеңінен тараған қадирийа тариқаты да жария зікірді ұстанады. Әндіжан және Наманган жария зікіршілерінің тәжірибесінде екі тариқаттың да зікір үлгілері араласқан болуы мүмкін [2; 124].

Нақшбандия тариқатының негізгі зікір әдісі — құпия зікір. Құпия зікір кеудедегі ахфа, хафий, сыр, рух, қалб нүктелеріне бағытталып орындалады. Көмей тұста орналасқан ең жоғарғы нүкте «сұлтан» деп аталады. Құпия зікірдегі негізгі формулалар «Раббәнә мақсуди мин туйи уа ридзайи мин туйи» және «Лә нист иләһә һич мақсуди илләллаһ жуззати пәк» болып табылады [2; 127].

Жоғарыда атап өткендей Бахауддин Накшбанди құпия зікір салу тәсіліне мән берген. Накшбандия тариқаты бойынша бірінші — адамның сыртқы дүниесін тазарту (шарифат); екінші — адамның ішкі жан дүниесін тазарту (тариқат); үшінші — илаһи жақындық (хақиқат) және төртінші — Аллаға жету жолы (мағрифат) қағидаларын ұстанған [7; 20].

* Зікір (көпше «еске салу», «еске алу») — құдай атын мадақтап дұға оқу. Зікірдің мәні құдайға құшылық ету; құлшылық етушінің саңкылдап дұға оқу кезінде өз аруағын шақыруы; дұға оқудың дәстүрі мен дағдысы.

Сопылықтың мақсаты — ізгі, адал, өнегелі тұлғаларды тәрбиелеу. Олар бұған тек ерлерге ғана тән емес, қоғамның екінші жартысын құрайтын әйелдерді де қамтитын түсінікпен жетуге тырысу. Зерттеуіміздің басты мақсаты сопылық тариқаттардағы әйел адамның орны қандай болған, ерлер мен әйелдер арасында ерекшелік барма.

Сопылық әдебиеттегі әйел сопылар туралы алғашқы еңбек Әбу Абдуррахман Сүлемидің сексен төрт сопы әйел туралы айтылған «Zikru'un-nisveti'l-müteabbidati's-sûfiyyat'» еңбегі болып табылады. Сонымен қатар А. Сүлеми «Tabakātu's-sûfiyye'de» атты еңбегінде отыздан астам әйел сопылардың өмірбаяндары мен мистикалық көзқарастарын баяндайды [8; 130].

Ясауи хикметтерінде ерлер мен әйелдер бірге ешқандай пердесіз зікір салған туралы айтылған [9; 25].

Ясауидің әдепке қатысты еңбектерінде ара зікір, би және сема амалдары егжей-тегжейлі баяндалғанымен, әйелдер мен ерлердің зікір жиналыстарына қатысу әдебі айтылмаған. Зікір сақиналарын ер адамдар жасайтыны туралы сипаттаған. Сунниттік бағыттарда әйелдер ер адамдармен бірге сұхбаттасу жиналысына қатысады.

Олардың зікір, *сема** және басқа да тылсым рәсімдерге бірге қатысуы жаиз емес.

Осы себепті шейх пен шәкірттердің арасын байланыстыратын шейхтердің әйелдері ана, апа деп атаған [10; 7].

Ясауи ілімінің негізгі ұстанымдарының бірі — толеранттылық. Ясауи ілімінде түрлі діндер өкілдеріне сыйластықпен қарауды насихаттаған. Сол ілімдегі «Адам адамға құл емес, Аллаға ғана құл» қағидасының астарында барлығы адам бірінің алдында бірі тең екендігінің дәлелі деуге болады. Ахмет Ясауи өзінің зікірлері мен сұхбаттарына әйел мен ерді бірге қатыстырған. Әрі бұл әдіс сопылық жол бойынша таптырмайтын нәпсі тәрбиелеу әдісі болып табылады [11].

А.Л. Троицкая Кадрия тариқатының Ташкент қаласында өткен әйелдер зікіріне қатысып, зерттеу жүргізген. Жүргізген зерттеуінің нәтижесі бойынша яғни Кадрия тариқатында ерлер мен әйелдер бөлек зікір салған. Зікір сейсенбі немесе бейсенбі күні *ишанның*[†] үйінде өткен. Ишанның әйелі жиналған *мүридтер*[‡] арасынан халфа (көмекші), отын (ұстаз) зікірде ән айтады, зікірде кемелдікке шақыру өнерін меңгерген... және зікірге қатысушыларға ас әзірлейтін ошпаз (аспаз), басқа әйелдерді зікірші деп атаған.

Зікірде үш негізгі тармақты бөліп көрсетуге болады: 1) алдын ала дұға; 2) зікір; 3) зікірден кейінгі дұға [12; 176].

Бірінші алдын ала дұға жасалынады дастархан үстінде су, шәй, нан және тұзға ишанның әйелі Құран сүрелерін оқып, дем салынған соң, жиналған әйел қауымына дастархандағы заттар теңдей үйлестірілген.

Екінші арра зікір салуға кіріскен әйелдер тығыз шеңберге отырады және ишанның әйелінің жетекшілігімен (қолында тәспі аударған) солдан оңға қарай бастары теңселіп бастайды. 100 рет Аллаға мадақ айтылады. Ишанның әйелінің белгісімен бірнеше рет қысқа үзілістен кейін олар шеңберді жауып, Хазірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауидің лебізін (еске алып, зікірін) бастайды. Ол екі қысқа жылаған тынысты қамтиды, ақырында дірілдеп, ұсақтап — «ху» мен аяқталады, содан кейін дем шығару кезінде күрт — «oh» пен қайтадан екі жылаумен тыныс алады. Ху сөзінде басы солға, ал «oh» сөзінің оңға қарай қисайған.

Үшінші саты зікірден кейінгі дұғада барлығы отырады, яғни шеңбер сақтау маңызды емес. Қалаған жерлерінде ишанның әйелі Құран сүрелерін оқиды, дұға біткен соң зікір салған әйел қауымы біртіндеп ишанның әйеліне ақша береді [12; 188].

Ақан Хасан Басридің зікірінде Раби`а әл-`Адауиға (801 ж.қ.б.) сияқты әйел сопылар жөнінде сөз өрбіткен. Раби`а әл-`Адауиға сопылық ілімінің сипатын, Аллаға деген махаббатын барлығына түсінікті қарапайым тілде жеткізе білген. Ол сопылықтағы таза махаббат ұғымының атасы болды. Раби`а: «Үнемі намаз оқитын әйелді Алла Тағала еркек ретінде бағалайды» деген [13; 57], өйткені таным жолына кімнің түскені маңызды емес, себебі Алла Тағала адамдардың бетіне (ер немесе әйел) қарамайды жан дүниесіне үңіледі.

* Сема — зікірдің бір түрі болып табылатын сопылық рәсім. Оған ән айту, музыкалық аспаптарда ойнау, би билеу, тақпақтар мен дұғалар оқу, символдық мәні бар киім кию, т.б.

† Ишан — халық арасында сауат ашу, ғибадат айту қызметін атқарып жүрген діни сауатты адамға берілетін діни атақ.

‡ Мүрид (мюрид) — ерікті, ізбасар, шәкірт. Мүрид деп бауырластыққа, не болмаса кәсіп бірлестігіне мүше болар алдында мамандық және рухани жетілудің алғашқы (төменгі) сатысында дайындықта жүрген адамды атаған.

Сол замандағы деректерге көз салсақ, Алеппо және Бағдад қалаларында бірнеше әйелдер рибааттары (тұрақ, мекен) болған. Әл-Ирбилдің айтуынша ер адамдардың құлшылық орнын «ханака», ал әйелдерге арналған мекен «рибат» деп аталатын болған. Ал, Дж.С.Тримингэм «рибат — арабтық үлгідегі оқу орны, ханака араб қалаларына көшірілген парсылық үлгідегі жатақтар деген пікір білдіреді» [14; 53].

Бір Алеппоның өзінде 1150-1250 жж. аралығында соғылған сопы әйелдердің жеті тұрағы табылған. Бағдадта да бірнешеуі мәлім, солардың ішіндегі ең мәшһүрі — Фатима Разияның (521/1127 ж.ж.) рибаты болды. Каирде 684/1285 жылы әл-Мәлик аз-Захир Байбарыстың қызы Бинт әл-Бағдадия деген атпен белгілі Зейнаб бинт Әби-л-Баракат есімді әйел шейх (шайх) үшін салған әл-Бағдадия рибаты қазіргі күнге дейін әд-Дарб әл-Асфарда сақтаулы [14; 53]. Қазақтың байтақ даласында да түрлі ғимараттар, архитектуралық мұралар әйел-аналарға арнап тұрғызылғанын көруге болады. Ғалым А. Сейдімбек «Сырдария бойындағы Көккесене, Бикем мұнара, Сырлытам, Сарысу бойындағы Белең ана, Болған ана, Жұбан ана, Арал түбегіндегі Бегім ана күмбездері, мұнаралары, мазарлары ғажайып сырлы сымбатымен күні бүгінге дейін қайран қалдырады деп жазады» [15; 402]. «Бір ғана Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында қыз балаға, әйел-анаға қатысты қойылған сандаған топонимдерді кездестіруге болады: Домалақ ана, Қарашаш ана, Сыланды ана кесенелері, Қатынқамал, Қырық қыз, Қызсиген, Қамырлы әулие, Келіншектау, Қатынкөпір т.б.» [16; 18].

Жүздеген ғасырлар бойы әйелдер ерлерден қалыспай, кейбір сопылық ордендерде (тариқат) рәсімдер өткізуге бірге қатысқан, ал басқа тариқаттарда ер адамдардан бөлек жиналып зікір салған. Кейбір әйелдер қоғамнан кетіп, адамдардан алшақтап (мысалы Рабия) толығымен аскеттік жолға түскен; басқалары ислам миссионерлері ретінде дін мен ғылыми зерттеулердің таралуына ұйытқы болған. Танымал сопылардың ұстаз-әйелдерден білім алғаны, өз кезегінде олардың әйел шәкірттері мен танымына ықпалды болған рухани жақын әйел достары болғаны мәлім. Деректерге сүйенетін болсақ Ибн `Араби (1165-1240) [17] Шамс және Фатима деген екі егде әйелмен сұхбаттасып, үлкен әсер алғанын айтады. Фатима туралы Ибн `Араби былай дейді: «Мен құдайды ерекше мадақтайтын Кордовадан шыққан Фатима Ибн әл-Мутхан деген үлкен гностиктің шәкірті болдым. Оған бірнеше жыл қызмет еттім, ол кезде оның жасы тоқсан бестен асып кеткен болатын. Тамбур аспабында ойнайтын. Ибн `Араби Фатимаға арнап қамыстан үй тұрғызған, сол үйде өмірінің соңғы жылдарына дейін тұрған. Екінші мысал, Дж.Румидің әйел мүриттері көп болған, солардың бірі Фахр ән-Ниса. «Шын аты Шухда, Ибн Наср Ахмадтың қызы, діни білімі өте жоғары, көптеген танымал адамдардың ұстазы болған. Шухда көзі тірісінде «Фахр ән-Ниса`» («Әйелдің мақтанышы») деген құрметті атаққа ие болған, 1178 жылы (574 х.х.) 90 жасында қайтыс болды» [18]. Румидің шәкірттері олардың дәстүрлі музыкаға арналған семаға қатысуы ынталандырылған (Әйелдер әдетте өздерінің семаларын ұстады, бірақ кейде олар ерлермен бірге қатысқан.)

Ибн Араби сопылықпен әйелі Мәриям арқылы танысқан деген болжам бар. Оның алғашқы ұстазы болды деп айтуға да болады. Тағы бір ұстазы Шамс бинт әл-Фукара болды, оны Ибн Араби «Құдай ана» деп атаған. «Кейде оның трактаттарында жұмбақ Низамды кездестіреміз, ол оған өзінің әйгілі «Таржум ан әл ашуақ» немесе «Құмарлықтың интерпретациясы» жыр жинағын арнаған» [19; 8].

Сопы әйелдердің көпшілігінің жанұясы болған, исламның бұл бағыты достық қарым-қатынастар мен отбасылық өзара көмек дәнекерлігі руханилықтың жетілуіне итермелейтінін сезінген. Мұхаммет пайғамбардың тұрмыс және әйел туралы айтқан «бір-біріне жанашыр ерлі-зайыптыны Алла тағала қиямет күні өз қамқорлығына алады және жұмақтан орын береді» деген тағылымына ілеседі. Кез келген қоғамның маңызды институттарының бірі — отбасы. Отбасылық қарым-қатынас туралы Құран былай дейді: «...Ерлер әйелдер үшін мал мүліктерін сарп етеді... Ерлі-зайыпты екеудің ынтымағы жараспай бара жатқанынан қауіптенсеңдер, онда ер жағынан бір әділ адамды, әйел жағынан бір әділ адамды жұмсаңдар. Аллаһ оларды татуластырар болса, онда араларының жарасып кетуіне дәнекер болыңдар. Аллаһ шынында да бәрін біліп, барлығынан хабардар болып тұрады» [20]. Құранның бұл үкімі белгілі бір кезеңде ер мен әйелдің тең болғандығының дәлелі.

Қазақ халқында даналығымен, әулиелік қасиетімен аттары аңызға айналған аналар аз емес. Сондай қасиетті тұлғалардың бірі — Нұрила анамыз қоғамда Домалақ ана есімімен белгілі. Ол батыр әрі би болған тарихи тұлға Бәйдібектің үшінші әйелі. Бәйдібектің Домалақ анадан туған Жарықшақ деген ұлынан бүгінде Албан, Суан, Дулат тайпалары тараған. Домалақ ананың әулиелігі мен көрегендігі туралы аңыз әңгімелер көп. Ол үнемі ел аузында, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып айтылып отырады. Деректер бойынша Домалақ ана 1378 жылы туып, 1456 жылы қайтыс болған.

«Бесіктен берілетін тәрбиеге айрықша көңіл бөлген ата-бабаларымыздың асыл мұраларындағы ақылы асқан... Қарашаш, Айман, Домалақ ананың т.б. бейнелері халқымыздың тәрбие, үлгі-өнегенің мәні туралы өлмес, өшпес мақал-мәтелдері соның айғағы» [21].

Амбар ана Хәкім атаның (Сүлеймен Бақырғани) жары, ал жарының қазасынан кейін екінші рет Зеңгі атаға тұрмысқа шыққан.

Халық аңыздарында Амбар ананың бейнесі ең танымал әулие, әйелдердің қамқоршысы ретінде бейнеленген. «Амбар ана туралы аңыздардың алуан түрлілігі соншалық, — деп жазды Г.П. Снесарев, тіпті оның жанындағы Хәкім атаның бейнесі де өшіп қалатын, оның көптен бергі үстемдігінің арқасында осы аңызға айналған кешенде осы бөліктердегі сопылық ілімдер орталық орын алуы керек еді». Өзінің деректері бойынша, Амбар анаға сенушілерінің көзқарасы бойынша, негізгі міндеті — босану кезіндегі көмек, оларға жеңілдік: «жалпы босану... Амбар ананың қатысуынсыз елестету мүмкін емес» [22; 240].

Таяу Шығыстағы сопылық мектептері Еуропаға бұрындары ене бастаған және бұл құбылыс күні бүгінге дейін жалғасуда. «От қызы» кітабының авторы Ирина Твиди өзінің туған жері Англияда Нақшбандидің үнді тармағының негізін қалады. Оның жұмысын Америкада Калифорниядағы «Алтын сопылар орталығы» жалғастыруда.

Чишти ордені өте танымал, мұнда әйелдерге үлкен құрмет көрсетіледі. Бұл дәстүр Америкаға Хазрет Инайят ханның арқасында келді. Осы тәртіптегі көптеген әйел сопылардың ішінде ең танымалы — Мүршид Вера Корда оның балалармен жұмысы көптеген ата-аналарды шабыттандырған [23].

Қорытынды

Қорытындылай келе тарихқа үңілсек сопылық ислам діні шеңберінде кемеліне жеткенін ұғынамыз. Мұның дәлелі ретінде ислам дінінің ғасырлық даму кезеңінде сопылықтың түрлі мектептері қалыптасып, сопылықтың даму тарихында кемелдену және қайта жаңғыру сатыларынан өткеніне көруге болады. Түркі халықтарында ислам діні сопылық тариқаттары арқылы қарқынды тараған. Оның ішінде қазақ ұлтының қалыптасуына Ясауиға тариқаты жетекші рөл атқарған.

Орта Азия жерінде сопылықтың мән-маңызы кеше мен бүгінгі күндермен шектеліп қалмайтын, маңызды рухани қызмет атқарған құбылыстардың бірі. Сопылықта әйел мен еркек рухани жолда әрқашан тең болды. Әркім құдайлықпен өз байланысын орнатуы керек, ал әйелдердің бұл қасиеті бойынша еркектерден еш айырмашылығы жоқ.

Біздің пайымдауымызша, бұл мақалада ең бірінші кезекте баса айтатынымыз сопы әйелдердің қалдырған қолжазбалары мен деректерінің басым бөлігі жойылып кеткен. Сол себептен де, сопылықтың дамуына әйелдердің қосқан үлесі мен алған орны туралы тереңірек зерттеуімізге кедергілер аз емес. Алайда бұл саланы зерттеген ғұлама-ойшылдарымыздың еңбектері мен өлеңдерінде үлгі тұтар аналарымыз бен әйелдердің Алланы, Ақиқатты тану туралы сипаттарында сопылық ағымын тереңірек түсінуге септігін тигізетініне көзіміз анық жетеді.

Мұсылман қоғамында ер адам отағасы және жауапты болғанымен үй шаруашылығының діни білімі үшін әйел отбасының рухани орталығы, жайлылық пен психологиялық атмосфераға жауапты. Балаларды тәрбиелеу және олардың бойында негізгі адамгершілік және мәдени құндылықтарды дамытуға әйел баға жетпес үлес қосады.

Қоршаған ортадағы қарама-қайшылықтарға қарамастан мұсылман әйелдері қоғамнан оқшауланбаған. Жоғарыда атап өткендей тарихта көптеген мұсылман әйелдері түрлі салаларда (дін, саясат, мәдениет, ғылым) табысты қызмет атқарғанын байқауға болады. Сол кездің өзінде аналарымыз отбасылық міндеттерді қатар алып жүре білді. Қазіргі қоғамда да кез келген ортада түрлі бағыттарда мұсылман әйелдерінің рөлі мен ықпалы артуда.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан 2022-2024 жылдарға қаржыландырылған АР14871250 «Ұлы Жібек жолы сопылық тариқаттар мұрасының қазақ қоғамы мәдени кеңістігіне интеграциясы» атты гранттық жобасы аясында зерттеу жүргізілген.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Суфии: Собрание притч и афоризмов. — М.: ЭКСМО-Пресс, 2002. — 640 с.
- 2 Әбдрәсілқызы А. Дін. Дәуір. Дәстүр: Зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар / А. Әбдрәсілқызы. — Алматы: Баспалар үйі, 2014. — 296 б.
- 3 Акимешкин О.Ф. Суфийские братства: Сложный узел проблем / О.Ф. Акимешкин, Дж.С. Тримэнгем // Суфийские ордены в исламе. — М.: Наука, 1989. — 328 с.
- 4 Байтенова Н.Ж. Қазіргі дәстүрден тыс діни ағымдар мен культтер: оқу құралы / Н.Ж. Байтенова, А.Д. Құрманалиева, С.У. Абжалов, Б.К. Бейсенов, Қ.М. Борбасова, Қ.А. Затов, Б.Б. Мейірбаев, Ш.С. Рысбекова. — Алматы: Қазақ университеті, 2020. — 326 б.
- 5 Йасауи Қ.А. Хикметтер / Қ.А. Йасауи — А: Дайк-Пресс, 2000. — 208 б.
- 6 Йасауи Қ.А. Хикмет жинақ: Даналық сыр / Қ.А. Йасауи. — А: Жалын, 1998. — 656 б.
- 7 Сопы Аллалар. Сәбатүл ажизин: Әлсіздердің табандылығы / Аллалар Сопы. Түркі-шағ. тіл. ауд. З.Ж. Оразбай. — Алматы: Баспалар үйі, 2014. — 320 б.
- 8 Haksever A.C. Günümüz Tasavvuf Meseleleri / A.C. Haksever — Т: KDY Akademi, 2021. — S. 226.
- 9 Özkan A. Yesevîlik'te Toplu Zikirlere Kadınların İştiraki İddiaları Üzerine Değerlendirmeler / A. Özkan // Ekev Akademi Dergisi. — 2019. — No 80. — S. 25-40.
- 10 Kūçük Н. Tasavvufta Kadın. Selçuk Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi / Н. Kūçük— Konya, 1997. — S. 392.
- 11 Ясауи іліміндегі ер мен әйел теңдігі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://melimde.com/degej-yasaui-ilimindegi-er-men-eyel-tedigi.html>
- 12 Сборник музея антропологии и этнографии: сб. науч. ст. сотрудников МАЭ. Т. VII. — Л.: Академия наук, 1928. — 325 с.
- 13 Аттар Ф. Тазкират ал аулия, или Рассказы о святых / Ф. Аттар. — М.: Жемчужина Востока, 2005. — 240 с.
- 14 Тримингэм Дж.С. Суфийские ордены в исламе / Дж.С. Тримингэм. — М.: Наука, 1989. — 328 с.
- 15 Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау: оқу құралы / А. Сейдімбек. — Алматы: Санат, 1997. — 463 б.
- 16 Байғұтов М. Қазыналы қара шаңырақ. Елді мекендер мен жер-су аттарына байланысты аңыз-әңгімелер мен деректер / М. Байғұтов, Ә. Файзуллаев. — Алматы: Ана тілі, 1996. — 176 б.
- 17 Ибн Араби. Избранное: [в 2-х т.] / Ибн Араби. — Т. 2. — М.: Садр, 2014. — 400 с.
- 18 Каяев И. Известные женщины в истории ислама [Электронный ресурс] / И. Каяев. 2014.— Режим доступа: <https://gazeta.nv.nfo/content/view/1112/216/>.
- 19 Lutfi H. The feminine element in Ibn 'Arabi's Mystical Philosophy / H. Lutfi // Alif: Journal of comparative poetics, 1985. — No. 5. — P. 7-19.
- 20 Ниса сүресі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://kuran.kz/sureler/4>.
- 21 Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. Филол. ғыл. канд... дис. Мамандығы 10.02.02. — қазақ тілі / А.М. Байғұтова. — Алматы, 2002. — 345 б.
- 22 Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма / Г.П. Снесарев. — М.: Наука, 1969. — 338 с.
- 23 Хелмински К. Женщины и суфизм [Электронный ресурс] / К. Хелмински. — Режим доступа: <https://hojjanusreddin.livejournal.com/1692560.html>

А.Ю. Балтабаева, Г.К. Ахметова

Образ женщины в философии суфийских тариқатов

В статье рассмотрены учения и основные принципы суфийских тариқатов в Средней Азии, а также проделан анализ роли и места женщин-матерей в мусульманском обществе. Были даны разъяснения об основателях тариқатов и основных принципах, присущих их направлениям. Представлен сравнительный анализ философии суфийских тариқатов, а также показаны роль, права и возможности участия мужчин и женщин в совершении зикра. Рассмотрен вопрос о том, что женщина и мужчина всегда были равны на духовном пути. Авторами высказано предположение, что каждый должен установить свою связь с божественностью, и что женщины ничем не отличаются от мужчин по этому признаку. Кроме того, были проанализированы влияние и роль женщин-суфиев в распространении суфийского учения. В некоторых суфийских тариқатах сказано, что женщины могут занимать высокие должности и быть духовными наставниками для других женщин. Однако в других — сформулировано то, что женщины были ограничены в своих возможностях и не могли достичь той же степени обучения и духовного руководства, как мужчины. Полагаясь на учения нашего предшественника Ахмеда Ясави, можно утверждать, что в основе развития человека лежит толерантность, и гендерная

специфика не имеет значения в его совершенствовании. В современном казахском обществе мы видим, что женщина добилась значительных успехов как специалист в любой сфере.

Ключевые слова: суфий, тарикат, зикр, ишан, мурид, сема, мировоззрение, Ясави, Кубрави, Кадари, Накшбанди.

A.Yu. Baltabayeva, G.K. Akhmetova

The image of a woman in the philosophy of Sufi Tarikas

In this study, investigations were carried out on the teachings and basic principles of Sufi tarikats in Central Asia, as well as an analysis of the role and place of women mothers in Muslim society. Explanations were given about the founders of the tarikats and the basic principles inherent in their directions. A comparative analysis of the philosophy of the Sufi tarikats, as well as the role, rights and opportunities for the participation of men and women in the performance of zikr, was made. The issue was considered that woman and man were always equal on the spiritual path. It was suggested that everyone should establish their connection with nobility and that women were no different from men in this respect. In addition, the role of Sufi women in the dissemination of Sufi education was analyzed. In some Sufi tarikats, women could hold high positions and be spiritual guides for other women. However, other tariqahs articulated the possibility that women were limited in their abilities and could not achieve the same degree of training and spiritual guidance as men could. Relying on the teachings of our protector Ahmed Yasawi, we can say that human development is based on tolerance and gender certainty does not matter in its improvement. In the well-known Kazakh society, we see that a woman has achieved significant success as specialists in any field.

Keywords: Sufi, tarika, zikr, ishan, murid, sema, worldview, Yasawiya, Kubraviya, Kadaria, Naqshbandiya.

References

- 1 (2002). Sufii: Sobranie pritch i aforizmov [Sufis: Collection of parables and aphorisms]. Moscow: EKSMO-Press [in Russian].
- 2 Abdrasilkyzy, A. (2014). Din. Daur. Dastur: Zertteuler, maqalalar, sukhbattar [Religion. Era. Tradition: Studies, articles, interviews]. Almaty: Baspalar uii [in Kazakh].
- 3 Akimushkin, O.F. (1989). Sufiiskie bratstva: Slozhnyi uzel problem [Sufi brotherhoods: A complex knot of problems]. Sufiiskie ordeny v islame — Sufi orders in Islam. Moscow: Nauka [in Russian].
- 4 Baitenova, N.Zh, Kurmanalieva, A.D., Abzhalov, S.U., Beisenov, B.K., Borbasova, Q.M., Zatov, Q.A., Meirbayev, B.B., Rysbekova, Sh.S. (2020). Qazirgi dasturden tys dini agymdar men kultter [Contemporary unorthodox religious movements and cults: a study guide]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 5 Yasawi, K.A. (2000). Khikmetter [Wisdom]. Almaty: Dike-Press [in Kazakh].
- 6 Yasawi, K.A. (1998). Khikmet zhinaq: Danalyq syr [The collection of wisdom: The secret of wisdom Almaty: Zhalyyn [in Kazakh].
- 7 Sufi Allahyar. (2014). Sabatyl azhizin: Alsizderdin tabandylygy [Sabatul Azhizin: Perseverance of the weak]. Z.Zh. Orazbai (Eds.). Almaty [in Kazakh].
- 8 Haksever, A.C. (2021). Günümüz Tasavvuf Meseleleri [Contemporary Sufism Issues]. Türkiye: KDY Academy [in Turkish].
- 9 Ozkan, A. (2019). Yesevîlik'te Toplu Zikirlere Kadınların İştiraki İddiaları Üzerine Değerlendirmeler [Evaluations on the Claims of Women's Participation in Collective Dhikr in Yesevîlik]. *Ekev Akademi Dergisi — Ekev Academy Journal*, 80 [in Turkish].
- 10 Kuchuk, H. (1997). Tasavvufta Kadın [Women in Sufism]. Selçuk Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi — Journal of Selçuk University Faculty of Theology. Konya [in Turkish].
- 11 Yasauı ilimindegi er men aiel tendigi [Equality of men and women in Yasawi teachings]. *melimde.com*. Retrieved from <https://melimde.com/degej-yasauı-ilimindegi-er-men-ejel-tedigi.html> [in Kazakh].
- 12 (1928). Sbornik Muzeia antropologii i etnografii: Sbornik nauchnykh statei sotrudnikov MAE [Collection of museum of anthropology and ethnography: Collection of scientific articles of staff of MAE]. Leningrad: Akademiia nauk, VII [in Russian].
- 13 Attar, F. (2005). Tazkirat al auliia, ili Rassказы o sviatykh [Tazkirat al awliyya, or Stories about the Saints]. Moscow: Zhemchuzhina Vostoka [in Russian].
- 14 Trimingem, Dzh.S. (1989). Sufiiskie ordeny v islame [Sufi orders in Islam]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 15 Seidimbek, A. (1997). Qazaq alemi: etnomadeni paiymdau: oqu quraly [Kazakh world: ethnocultural perspective: textbook]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 16 Baigutov, M., & Faizullaev, A. (1996). Qazynaly qara shanyraq. Eldi mekender men zher-su attaryna bailanysty anyz-angimeler men derekter [Treasured black house. Legends and data related to localities and place-names]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].

- 17 Ibn Arabi. (2014). Izbrannoe [Favorites]. Vol. 2. Moscow: Sadra [in Russian].
- 18 Kaiaev, I. Izvestnye zhenshchiny v istorii islama [Famous women in the history of Islam]. Retrieved from <https://gazeta.nv.nfo/content/view/1112/216/30.12.2014> [in Russian].
- 19 Lutfi, H. (1985). The feminine element in Ibn 'Arabi's Mystical Philosophy. *Alif: Journal of comparative poetics*, (5), 7-19.
- 20 Nisa suresi [Surah Nisa]. *kuran.kz*. Retrieved from <https://kuran.kz/sureler/4> [in Kazakh].
- 21 Baigutova, A.M. (2002). Qazaq aieli kontseptisinin etnomadeni sipaty [Ethnocultural character of the Kazakh woman concept]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 22 Snesev, G.P. (1969). Relikty domusulmanskih verovaniy i obriadov u uzbekov Khorezma [Relics of pre-Muslim beliefs and rituals among the Uzbeks of Khorezm]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 23 Khelminski, K. Zhenshchiny i sufizm [Women and Sufism]. Retrieved from <https://hojjanusreddin.livejournal.com/1692560.html> [in Russian].

Ж.Н. Бекенова*, Г.Ж. Нұрышева, Ж.А. Амиркулова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: zhmagul.nurdauletovna@gmail.com; gulzhikhan-nurysheva@yandex.kz; zh.amirkulova@gmail.com)

Цифрлық қоғамдағы тұлға болмысының ерекшеліктері және жауапкершілік мәселесі

Мақалада цифрлық қоғамдағы тұлға болмысы, оның ерекшеліктері және жауапкершілік мәселесі қарастырылған. Цифрлық қоғамдағы тұлға трансформациясы, ақпараттық этика құрылымы, жауапкершілік ұғымы Э. Тоффлер, М. Маклюэн, Д. Белл, Л. Флориди, Р. Капулло, Р. Брейдің еңбектерін негізге ала отырып тұжырымдалды. Ақпараттық технологиялардың, желілік байланыстың дамуы нәтижесінде қалыптасқан тұлға ерекшеліктері мақалада айқындалған. Күннен күнге қарыштап дамып жатқан цифрлық әлемде ақпарат таратуға қатысты күрделі, этикалық мәселелер пайда болды. Олар азаматтардың ақпаратты қабылдау мен таратудағы жауапкершілігімен және міндетімен байланысты. Моральдық жауапкершілік қана емес, ақпараттық қауіпсіздік те өзекті мәселеге айналып отыр. Авторлар қазіргі цифрлық әлемде ақпараттық қауіпсіздік тек заңнамалық мәселе ғана емес, тұтас қоғамның тыныс-тіршілігіне әсер ететін әлеуметтік-философиялық мәселе екеніне назар аударған. Сонымен қатар, цифрлық қоғамға тән негізгі рухани-адамгершілік құндылықтар тұжырымдалып, ақпараттық қоғамдағы этикалық мәселеге қатысты зерттеулердің негізінде ақпараттық жауапкершіліктің мәні мен маңыздылығы және оны зерттеудегі қалыптасқан көзқарастарға талдау жасалды.

Кілт сөздер: ақпарат, ақпараттық қоғам, цифрлық қоғам, коммуникация, адамгершілік, ақпараттық этика, жауапкершілік, құндылықтар, ақпараттық кеңістік.

Kipicne

Ақпараттық мәдениет қоғамдық өмірмен үйлесімді түрде бірігіп, оны жаңа қасиеттермен толықтырды. Бұл, әрине, көптеген қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани идеялардың өзгеруіне ықпал етті, адамның өмір салтына сапалы жаңа белгілер енгізеді. Ақпарат ең құнды өнімге және негізгі тауарға айналды десек болады, тіпті оның жиынтық құны біртіндеп материалдық өндіріс өнімдерінің жиынтық құнына жақындай бастады. Бұл ақпараттың ғана емес, оны тарату, өңдеу және пайдалану жолдарының да құндылық қатынасының өсуіне әкелді. Қазіргі таңда ақпарат қоғам үшін маңызды стратегиялық ресурсқа айналып отыр. Ақпараттық мәдениеттің кең таралуы техника мен технологияны дамыту үшін түбегейлі жаңа мүмкіндіктер ашады, технологияның қоғаммен, адаммен және табиғатпен барынша тиімді байланысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде адамның тұлғалық қалыптасуы мен әлеуметтенуі әртүрлі ғылымдармен қатар, жаңа технологияларды игеру арқылы жүзеге асады. Техника мен технология қандай адамды қалыптастырады? Зерттеушілер бұл мәселеге қатысты екі көзқарасты ажыратады. Бір жағынан, ғылым тек техникаға ғана емес, сонымен бірге адамның өзіне де, оның кешенді дамуы үшін материалдық және рухани алғышарттар жасауға да көбірек көңіл бөлуі тиіс. Екінші жағынан, техногенді өркениеттің белсенді дамуы адамзаттың өмір сүруіне қауіп төндірген ғылыми жаңалықтарды дүниеге әкелді. Қазіргі заманның ең өзекті мәселелерінің бірі — адамның тұлғалық бейнесін сақтап қалу. Жоғары технология сәйкесінше адамның жоғары дайындығын, оның рухани жетілуін және жауапкершілігін талап етеді. Қоғамның жаппай цифрлануы және ақпараттық мәдениеттің қарыштап дамуы рухани салалармен байланыстың үзіліп, көп жағдайда рухани-адамгершілік құлдырауын тудырып отыр.

Қазіргі қоғамда интернет, әлеуметтік желілер, жарнама, кино, музыка тұлғаны қалыптастыруда тәрбиелік қызмет атқарады, осылайша «құрамалы мәдениеттің» адамы қалыптасады.

XXI ғасырдың басынан бастап қоғамды жаһандық коммуникациялар мен әлеуметтік желілер арқылы әлеуметтік ортаға әсер ететін біртұтас ақпараттық кеңістіктің мәдени, саяси, экономикалық

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zhmagul.nurdauletovna@gmail.com

жүйесі жаулай бастады. Қоғамды ақпараттандыру жағдайында адамның белсенділігін танытатын негізі қасиеті — оның ақпаратты тұтыну және өңдеу қабілеті, яғни осы негізгі ресурсты игеру және тиімді пайдалану болып саналады. Даму ресурсы ретінде ақпарат әрбір жеке тұлғаның рухани саласының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Ақпараттандыру қоғамның ақпараттық мәдениетінің деңгейін арттыруды көздейді, компьютерлік сауатсыздықты жоюға ықпал етеді. Қоғамды ақпараттандыру процесінде тұлғаның интеллектуалдық әлеуеті де трансформацияланады, бұл ақпараттандырудың тағы бір заңдылығы — қоғамды интеллектуализациялау. Қоғамды жаппай цифрландыру жағдайында шығармашылық қабілеті жоғары, өзіндік жетілуге ұмтылатын тұлғаның рөлі артады.

Демек, қоғамды ақпараттандыру жағдайында тұлғаның даму процесі келесі ерекшеліктерге ие:

– ақпараттық технологиялардың дамуы және цифрландыру қоғам мүшелерінің ақпараттық мәдениет деңгейін арттыру мен цифрлық сауаттылығын, жалпы интеллектуалдық әлеуетінің жоғарлауын көздейді;

– ақпарат көлемінің көптігі және оған үнемі талдау жасау, синтездеу қажеттілігі жеке тұлғаның белсенділігін, жасампаздық қабілетін арттырады;

– ақпараттық желілер арқылы еркін тарайтын, кей жағдайда жалған ақпарат кең көлемі тұлғаның моральдық жауапкершілігін, құндылықтар жүйесін қалыптастыруды талап етеді.

«Әлемдік қоғамдастықтың ақпараттық қоғамға ауысуы, ең алдымен, адамдардың санасы мен мәдени деңгейін өзгертуді талап етеді. Олар мінез-құлық пен қарым-қатынас формаларын түбегейлі өзгертуі тиіс, сонымен қатар жаңа құндылықтар мен мақсаттар туралы түсініктерді игеруі керек, бұл ақпарат пен білімді бір ұрпақтан екінші ұрпаққа тарататын жоғары дамыған ақпараттық жүйенің көмегі арқылы ғана мүмкін болады» [1].

Осылайша, ақпараттық алмасудың субъектісі ретінде әрекет ететін тұлға ішкі және сыртқы факторлар мен қоршаған ортаның әсерінен өзгереді, оның өзгеруі қоғамды ақпараттандыруда көрінеді. Әлеуметтік қасиеттердің өзара байланысы тұтастықпен, ашықтықпен, тұрақтылықпен және өзін-өзі дамыту мүмкіндігімен сипатталатын тұлға жүйесін құрайды. Тұлғаның өзін-өзі дамытуы оның құрылымдық сапалы өзгеруінен, яғни интеллектуалды, шығармашылық және рухани дамуынан байқалады. Осы үш компоненттің бірлігі тұлғаның қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етеді. Қазіргі қоғамда ақпарат өмірдің тұрақты компонентіне айналды, ол тұлғаның бүкіл құрылымына еніп, оның сапалық өзгеруіне ықпал етіп отыр. Белсенділікті орнататын шығармашылық әлеует тұлғаның өзін-өзі дамытуының алғышарты ретінде әрекет етеді, ал рухани әлеует, оның ішінде тұлғаның құндылық жүйесі сапалы ақпаратты таңдауға және жеке дамудың бағытын анықтауға мүмкіндік береді. Қоғамды ақпараттандыру жағдайында тұлғаның дамуына келесі ерекшеліктер тән: жоғары деңгейдегі интеллектуалдық, шығармашылық белсенділік және жеке тұлғаның моральдық жауапкершілігін арттыруды көздейтін ақпараттық мәдениет деңгейінің өсуі.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар нақты уақыт режимінде «синхронды коммуникацияны» қажет етпейді. Көп жағдайда адамдар тікелей өзара байланысты қажет етпейтін «асинхронды коммуникацияларға» қатысады (whatssapp чаттар, e-mail алмасу, ньустоптар). Бірақ екі жағдайда да коммуникацияда ситуациялық уақыт іс жүзінде шексіздікке дейін созылады. Кез келген чат кезінде этикет бойынша сұхбаттасушыға жауап беру үшін бірнеше секундтан бір минутқа дейін және одан да көп уақыт беріледі. Бұл жүзбе-жүз коммуникация жағдайымен салыстыратын болсақ уақыттың айтарлықтай созылуы. Ал e-mail хабарламалар алмасу кезінде кері жауап алу бірнеше сағат, күн, тіпті аптаға дейін созылуы мүмкін. Киберкеңістік жаңа темпоралды кеңістікті қалыптастырады, онда өзара интеракциялар жалғасқан жағдайда интерсубъективті уақыт өзара созылады. Жүзбе-жүз қарым-қатынаспен салыстырғанда коммуникацияға қатысушылар ойлануға және жауап беруге айтарлықтай көп уақыт алады. Тағы бір ескеретін жағдай — тікелей байланыстың болмауынан айтарлықтай психологиялық қиындықтар туындайды. Виртуалды әлем интерсубъективтіден біршама ерекшеленеді. Виртуалды әлем адамдардың өзара әрекеттесу кеңістігін және уақыт шекарасын кеңейтеді және өзгертеді. Цифрлық әлем сізге басқа визуалды тұлғаны жасауға мүмкіндік береді. Адамдар енді әлемнің кез келген бұрышында онлайн формада достық қарым-қатынас орната алады және оны жүзеге асыру өте оңай. Бұл тұлғалық бірегейліктің дағдарысына алып келуі мүмкін. Виртуалды әлемде сіз өзіңіздің кез келген имиджіңізді жасай аласыз. Бұл салада қазір жалған фактілер көбейіп, әрбір адам өзінің виртуалды бейнесін тартымды қасиеттермен толықтыруға тырысады.

Ақпараттық кеңістіктегі коммуникация ерекшеліктерін өз зерттеуінде Д. Балабекұлы да көрсеткен: «Цифрландыру мен ақпарат тарататын заманауи желілік технологиялар пайда болғалы бері адам үшін вербалды коммуникацияның мағыналық мәні айтарлықтай азайды, бұл нақты емес білімді толықтай жоғалтумен байланысты болады. Себебі біз желіде тірі адамдармен емес, олардың виртуалды көшірмелерімен араласып, сөйлесеміз (әлеумет саласы). Желілік ақпараттық технологиялардың көмегі арқылы адамдармен жанама түрде қарым-қатынас жасау байланыстың тұлғааралық ерекшеліктерін жоғалтады, ал желіден тыс, шынайы өмірде нақты емес білімді объективтендіру арқылы қарым-қатынас кезінде бұл ерекшеліктер оңай қабылданады. Сондықтан желіде басқалармен араласып, сөйлесек, өзіміз қабылдайтын нәрселерді шынымен де әңгімелесуші адамның жеке қасиеті мен мінез-құлқының, оның ойларының, тілектерінің, қорқыныштарының көрінісі деп айтуға бола ма деген сұраққа жауап бере алмаймыз. Мұның бір себебі желі қолданушылары ақпараттық кеңістікке өз ойынша өзіне кесірі тимейтін және психологиялық жағынан жағымсыз сезім тудырмайтын ақпаратты ғана шығарып, көпшілік назарына ұсынады» [2; 32].

Осыдан цифрлық қоғамдағы ақпараттық мәдениет, ақпарат таратудағы жауапкершілік пен еркіндік мәселесі туындайды.

Зерттеу әдістері

Мақалада цифрлық қоғамдағы тұлға болмысына және жауапкершілік мәселесіне терең феноменологиялық талдау жасалған. Тақырыпты зерттеуде тарихи талдау, жүйелеу және сыни ойлау әдістері қолданылды. Цифрлық қоғамдағы тұлғаға тән ерекшеліктер, ақпараттық этика құрылымы, жауапкершілік ұғымы Э. Тоффлер, М. Маклюэн, Д. Белл және ақпараттық этика саласында зерттеу жүргізген Л. Флориди, Р. Капурро, Р. Брейдің еңбектеріне негізделіп отырып тұжырымдалды. Тарихи талдауға сүйену арқылы ақпараттық қоғамның қалыптасуымен орныққан тұлға трансформациясы зерделенді. Жүйелеу және сыни әдістерге негізделіп тұлға дамуы, әлеуметтенуі контексіндегі цифрлық қоғамға жалпы теориялық және әдіснамалық талдау жүргізілді. Қазіргі таңда цифрлық қоғам туралы зерттеулер жеткілікті болғанымен, ақпараттық этика, цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі көп зерттелмеген. Мақалада ақпараттық қоғам туралы классикалық зерттеу еңбектеріне және заманауи ақпараттық этика жайлы еңбектерді саралай отырып, ақпараттық этика, әсіресе жауапкершілік мәселесі қазіргі таңдағы қолданбалы этиканың ең түйткілді салаларының бірі екені негізделген.

Нәтижелері

XX ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап адамзат өз дамуының жаңа кезеңіне өтті. Дәстүрлі жіктеу бойынша жаңа қоғамға постиндустриалды қоғам деген анықтама берілді. Постиндустриалды қоғам идеяларының дамуының жалғасы ақпараттық қоғам теориясы болды, оның негізі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қоғам дамуының барлық аспектілеріне: адамдардың өмір салтына, білім алуына, жұмыс жасауына, билік пен халықтың өзара қарым-қатынасына революциялық әсері деп жарияланды.

Бұл ретте негізгі фактор қоғам үшін маңызды ақпарат көлемінің ұлғаюы ғана емес, сонымен қатар адам мен қоғамның ақпаратқа қатынасының өзгеруі болып саналатынын атап өту қажет. Бұл бетбұрыс кезеңді ортағасырлық теоцентризм дүниетанымнан қайта өрлеу дәуіріндегі әлемді антропоцентрлік қабылдауға көшу кезеңіндегі жаппай сананың қайта бағдарлануымен салыстыруға болады. Құдай ұғымы өзінің маңыздылығын сақтап қалды, бірақ сол дәуірдегі көптеген адамдардың құндылық иерархиясында екінші орынға көшті. Ақпараттық қоғамда да ақпарат құндылықтар иерархиясының жоғарғы деңгейінен орын алған.

Ақпараттық трансформацияның мәні — қоғам мүшелеріне білім мен идеяларды меңгеруге он әсерін тигізу. Ақпараттық қоғам адамдарға өзіндік жетілуге, әлеуетін толықтай жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жаңа өмір сүру мен қызмет ету ортасының пайда болуы адамдар арасындағы қарым-қатынасты ғана өзгертіп қоймайды, сонымен қатар адамның ақпаратқа деген көзқарасын да өзгертеді. Америкалық әлеуметтанушы И. Валлерстайн ақпараттық қоғам туралы: «Біз қалыптасқан жаһандық қоғамдық құрылымның, яғни әлемдік капиталистік экономикадан — басқа жаһандық жүйеге ауысу дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Бұның жақсы немесе жаман екенін білмейміз. Бірақ бұл өтпелі кезең осы дәуірде өмір сүріп жатқандар үшін күрделі болатыны анық. Бұл қарама-қайшылықтар мен

тәртіпсіздіктер күшейген және көпшіліктің пікірінше, құндылықтар күйреген кезең болады», — деген [3].

Қызметтің жаңа коммуникативті салаларының пайда болуына байланысты моральдық нормалар мен ережелерді, олардың дәстүрлі мағынасын қайта қарау қажеттілігі туындайды. Бұл процесс, мысалы, есептеу техникасы қауымдастығы (computing Machinery — АСМ қауымдастығы) әзірлеген «компьютерлік кәсіпқойлар» кодексі сияқты жеке қауымдастықтар мен кәсіби бірлестіктер ішінде ережелер мен кодекстерді әзірлеуден басталады [4]. Қолданбалы этиканың түрлері ретінде компьютерлік, желілік, инженерлік этика пайда болады, олар қазіргі заманғы коммуникациялық кеңістіктегі әртүрлі субъектілер арасындағы қатынастар жүйесін құрады.

Қолданбалы этиканың рөліне қатысты осындай көзқарасты көптеген зерттеушілер атап өткен. Мысалы, А.А. Гусейнов пен Р.Г. Апресянның тұжырымы бойынша, «қолданбалы этика» — этика дамуының жаңа кезеңі ретінде түсіндірілуі мүмкін, бұл мораль теориясының қоғамның моральдық тәжірибесімен тікелей байланысты болуымен сипатталады [5; 389].

Біздің көзқарасымыз бойынша, қолданбалы этика қазіргі уақытта этиканың ғылым ретіндегі эволюциясының кезеңі болып саналады және барлық классикалық моральдық мәселелер, қазіргі заманның өзекті моральдық мәселелері сияқты, қолданбалы зерттеулер мен тәжірибелер контекстінде түсіндіріледі. Алайда, қолданбалы этиканың мазмұнын түсінудегі плюралистік тенденция (оның әртүрлі бағыттарында көрсетілген), біздің ойымызша, ұзақ уақыт сақталмайды. Қолданбалы этиканың объективті шындыққа барынша толық сәйкес келетін, ХХІ ғасыр адамына қоғамның толыққанды мүшесі ретінде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ережелер мен нормалар жиынтығын бөліп көрсету қажет. Бұл бағыт — қолданбалы этика бөлімінің тар шекарасынан шыққан және ХХІ ғасырдағы адамның болмысының ерекшелігін ескеретін ақпараттық этика немесе ақпараттық қоғам этикасы [6].

Л. Флориди «Ақпараттық этика: компьютерлік этиканың философиялық негіздері туралы» еңбегінде ақпараттық этиканы онтоцентристік теория ретінде қарастырады, өйткені оның міндеті — ақпараттық кеңістіктің элементтері ретінде ұсынылған шынайы әлемнің барлық формаларының, яғни адамдардан және олардың әлеуметтік қатынастарынан бастап жұлдыздар, тастар, жануарлар мен өсімдіктерге дейін әлемде бар немесе болатын кез келген ақпаратты онтологиялық теңдігін мойындай отырып, моральдық тұрғыдан бағалау [7].

Ақпараттық этика Л. Флоридидің еңбектері бойынша, кез келген объектіні немесе жалпы болмысты түсінуге болатын ақпарат пен ақпараттық нысандардың ішкі құндылығына негізделген. Инфосфераны бұрмалауға немесе қысқартуға бағытталған кез келген әрекет зиян тигізу ретінде қарастырылады. Ақпараттық этиканың негізгі сипаттамаларына мыналар жатады:

- 1) модальділік — ақпараттың қисындылығы және жүзеге асырылуы;
- 2) гуманитарлық — құпияны сақтау, дәлдік, шынайылық, адалдық;
- 3) айқындық — ақпараттың қолжетімділігі мен қолжетімсіздігі, пайдалану мүмкіндігі, жүйелілік;
- 4) конструктивтілік — ақпараттың адамгершілік қағидаларына қайшы келмеуі, қазіргі заманға сай болуы, нормативтілігі, ақпараттың көптігі.

Ақпараттық этиканы этика дамуының жаңа кезеңі ретінде тұжырымдаумен қатар, ақпараттық қоғамдағы трансформацияларға сәйкес классикалық этикалық концепцияларды да қайта қарастыру қажет. Ақпараттық қоғам туралы классикалық зерттеулерде, яғни Белл, Тоффлер, Маклюэннің еңбектерінде ақпараттық қоғамдағы этикаға толыққанды зерттеулер арналмаған. Бірақ заманауи ақпараттық даму мен цифрландыруды ескере отырып, мораль мен құндылықтардың даму бағытын анықтап алу өзекті мәселе екені анық. Осы зерттеу аясында ақпараттық қоғамға арналған еңбектерге талдау жасай отырып, ақпараттық қоғамдағы этикаға қатысты тұжырымдарды зерделеуге тырысамыз. Э. Тоффлердің «Үшінші толқын» еңбегінде ақпараттық қоғамға жан-жақты талдау жүргізілген. «Үшінші толқын» ұғымы ғылым, техника, компьютерлер, коммуникация әдістерінің дамуымен болатын қоғам өміріндегі өзгерістерді білдіреді. Маклюэннің зерттеулері ақпараттық қоғам ерекшеліктерін түсінуде маңызды рөл атқарады. Маклюэн қоғамдағы бұқаралық ақпарат құралдарының ақпарат таратудағы маңыздылығын тұжырымдай отырып, «жаһандық ауыл» концепциясын жасаған.

Әлеуметтік кеңістікте үшінші толқын жаңа типтегі отбасылардың қалыптасуы, бұқаралық ақпарат құралдарының демассификациясы, компьютерлік технологиялар арқылы ми қызметінің сапалы жақсаруы сияқты өзгерістерді әкелді. Ақпараттық қоғамдағы адамгершілік ұстанымдар мен құндылық бағдарларының көптігі бұқаралық ақпарат құралдарының демассификациясымен

байланыстырылады. Демассификация «өзіміздің қайталанбас, тұлғалық бірегейлігімізді ұғындырады» [8; 614]. Осылайша адамгершілік те тұлғалық және қоғамдық деңгейде өзгереді.

Ақпаратты игеруге жұмсалатын уақыт мөлшерінің өсуімен қатар, ақпарат көлемі де үнемі көбейіп отырады. Бірқатар футурологтар ақпарат көлемінің өсуі, адамның дүниетанымын да өзгертуі мүмкін деген болжамдар жасайды, мәселен, рационалдылық пен адамгершілік арасындағы тепе-теңдік бұзылуы мүмкін. Цифрлық қоғамда тоқтаусыз жүретін ақпаратты өңдеу операциялары рационалдылықты алға тартып, мораль мен адамгершілікті екінші кезекте қалдырады. Осы орайда зерттеуші ғалым И.А. Негодаев: «баланы ерте рационалдылық пен логикаға үйрету оны эмпатия сияқты эмоциядан айыруы мүмкін», — дейді [9].

Ақпараттық қоғамдағы адамдардың мінез-құлқы, әрекет етуі, құндылықтар бағдарының ерекшеліктерінің айқындалуына терең әсер ететін — күнделікті жоғары жылдамдықпен және үлкен көлемде келіп жатқан ақпарат. Осындай жағдайда сыртқы ортадан қабылданатын ойлар мен бейнелер де өзгереді. Нәтижесінде үшінші толқын қоғамында отбасы, мемлекет, жалпы адамгершілік туралы жаңа түсініктер қалыптасады. Бірақ жаңа ойлар мен бейнелер ұзақ уақыт тұрақты түрде сақталмайды. Олар үнемі жаңарып, өзгеріп отырады, тіпті бір ұрпақтың өзінде тұрақты құндылықтар мен қағидалар жүйесін тұжырымдай алмаймыз. «Үшінші толқын ақпарат ағынын жеделдетіп қана қоймайды, біздің күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге ықпал зор ақпараттың ішкі құрлымын трансформациялайды» [8, 266].

Қазіргі ақпарат заманындағы кең көлемдегі ақпарат құрылымының ерекшелігі оны біз санамызға үзілген, қысқа формада қабылдаймыз. Күнделікті санамызға келіп жатқан ойлар мен бейнелер бөлшектелген, мерзімділігімен ерекшеленеді, сондықтан адам тұрақтылық сезімін жоғалтады. Ақпаратты жеткізу әдісі өте маңызды, бұл туралы Маклюэн де айтқан: «Ақпараттық өзі құрал» [4; 341]. Ақпараттық қоғам жұмсақ, өзгермелі жаңа моральдық қағида жеке тұлға деңгейінде ғана емес, бүкіл қоғамдастық деңгейінде де тез қабылданады. Адамдардың ой-санасы да жаңа қағидаларды ешбір адамгершілік қарама-қайшылықтарсыз қабылдайды. Зерттеушілердің пікірінше, қазіргі ақпараттық қоғамда адамгершілік мәселесіне эклектикалық, жағдаяттық сипат тән.

Цифрлық қоғамдағы ақпараттың модульдық құрылымы адам санасын да өзгертеді, яғни құбылыстарды белгілі бір критерийлер бойынша жіктеу қабілеті төмендейді, себебі көп жағдайда бірегей ортақ критерийді бөліп көрсету мүмкін емес. Себеп-салдарлық байланысты айқындау да нашарлаған. Бұл құбылыстың адамгершілік жағын талдайтын болсақ, ақпараттық қоғамда өмір сүріп жатқан адам өзінің және өзгелердің іс-әрекеттеріне тиісті объективті бағасын бере алмайды. Ол көп жағдайда объективті шынайылықтың дайын ментальды үлгілерімен әрекет етеді, бұл үлгілер де жиі ауысып тұрады, сондықтан дүниенің объективті шынайы бейнесін қалыптастыру өте қиын. «Ақпараттық қоғамдағы қысымға кейбір адамдар шыдамай апатияға немесе ашуға беріліп жатады. Ал басқалары, керісінше, өзіндік жетілуді үзбей, жоғары деңгейде қызмет атқара алатын сауатты, білікті адамдарға айналады» [8; 279].

Ақпараттық қоғам адамының рухани-адамгершілік бағдарына холистік ыңғай тән болады. Мәселен, адамгершілік қағидалары — бұл бұлжымайтын императив, ал ақпараттық қоғамда адам тұлға ретінде өзінің немесе өзгелердің іс-әрекетіне моральдық тұрғыда кесімді және жағдаяттық баға беруі мүмкін. Ақпараттық қоғамдағы эволюция барған сайын күрделі құрылымдардың пайда болуына әкеледі. Бұл моральдық эволюцияға да қатысты. Осылайша, үшінші толқын қауымдастығының моральдық хаосы жеке тұлға және тұтастай қоғам үшін адамгершілік қағидалар мен нормалардың жүйелі құрылымын жасауға түрткі болады. Ақпараттық қоғамда адамның еңбекке де көзқарасы өзгереді. Бұл туралы Э. Гидденс: «Мәдениетте «еңбек этикасынан» алшақтап, еркін, ләззат алуға бағытталған өмір салты орнығады. Индустриализмге тән еңбектің тәртіпке келтіру функциясы постиндустриалды қоғамда әлсіреп, адамдарға жеке және индустриалды салаларда инновациялар жасауға көбірек еркіндік беріледі», — дейді [10; 604].

Қазіргі цифрлық қоғамда ақпаратты өңдеу және пайдалануға қатысты көптеген мәселелер туындайды. Д. Белл өзінің «Ақпараттық қоғамның әлеуметтік шекаралары» деген еңбегінде ақпараттың қолжетімді болуынан пайда болатын мәселелер туралы айтқан: «Тағы бір маңызды нәрсе, ақпаратты бақылауда ұстау оны жасыру немесе заңсыз жариялау сияқты асыра пайдалануға алып келуі мүмкін. Осындай асыра пайдалануды болдыртпау үшін институционалды шектеулер қажет, әсіресе ақпарат саласында» [11].

Қазіргі цифрлық қоғамның өзекті мәселелерінің бірі — адамның күрделі биоәлеуметтік жүйе ретінде тұлғасын сақтау және дамыту. Бұл мәселені бірқатар зерттеушілер қазіргі заманның

«антропологиялық дағдарысы» деп атайды. Адам өз әлемін қиындата отырып, өзі басқара алмайтын және оның табиғатына жат болатын күштерді қалыптастыруы мүмкін. Ол әлемді өзгерте отырып, адамның өмірін түбегейлі өзгертетін және кері әсер ететін құрылымдарды жасап шығаратын әлеуметтік факторларды туындатады. Г. Маркузе техногенді өркениеттің дамуының салдары ретінде бұқаралық мәдениеттің нәтижесі ретінде «бірөлшемді адамның» пайда болуы туралы айтқан. Заманауи ақпараттық мәдениет адам санасын жаулаудың әдістердің көптеген түрін жетілдіруде. Санаға осындай терең әсердің салдарынан адамның қоршаған әлемді рационалды қабылдау қабілеті әлсіреуі және бұқаралық мәдениеттің құрбанына айналуы әбден мүмкін [9].

Талқылау

БҰҰ ұйымының резолюциясы бойынша, ақпарат еркіндігі — адамның іргелі құқықтарының бірі. 1948 жылы қабылданған адам құқықтарының жалпығы бірдей декларациясы әркімнің ақпаратты еркін қабылдау және тарату құқығы бар екенін бекітті. Бірақ декларацияда адамдар қандай ақпаратты қабылдап, тарата алатыны анықталмаған. Күннен күнге қарыштап дамып жатқан цифрлық әлемде ақпарат таратуға қатысты күрделі, тармақталған этикалық мәселелер пайда болды. Олар азаматтардың ақпаратты қабылдау мен таратудағы жауапкершілігі, міндетімен байланысты. Осы орайда моральдық жауапкершілікпен қатар ақпараттық қауіпсіздік те өзекті мәселеге айналып отыр. Қазіргі цифрлық әлемде ақпараттық қауіпсіздік тек заңнамалық мәселе ғана емес, тұтас қоғамның тыныс-тіршілігіне әсер ететін әлеуметтік-философиялық беделге ие болды. Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі үш тармаққа жіктеледі: субъектінің ақпарат алуға құқығын қамтамасыз ету; ақпарат сапасын сақтау, ақпарат қабылдау мен таратудағы жауапкершілік мәселесі; ақпараттық қатынас субъектілерінің ақпарат ресурстарын қорғау.

Цифрлық қоғамда білім алу мүмкіндіктерінің артуымен жүзеге асатын интеллектуалдық дамумен қатар, жалған ақпарат тарату, ақпараттық кеңістікті бұрмалау сияқты негативті құбылыстар да күшейе түседі. Ақпараттық технологиялардың дамуы және кеңінен қолданылуы ойлау жүйесінің өзгеруіне алып келеді, мәселен, ақпарат беруді формализациялау, стандарттау, алгоритмдер енгізу. Осының нәтижесінде заманауи бұқаралық ақпарат құралдары мен әдістерін пайдалану қоғамға әсер ету, оны билеу құралына айналады. Ақпараттық технологиялар адам санасына манипуляция жүргізудің де әдістерін жасады, осының салдарынан адам болмысты рационалды игеру қабілетінен айырылады. Техногенді өркениеттің дамуы тұлғаның қалыптасуы мен әлеуметтену үдерісіне де өз ықпалын тигізеді.

Мәселен, әлеуметтік желілерді қолданушылар көп жағдайда жасырын түрде коммуникацияға түседі, қауіпсіздік шаралары үшін жеке тұлға өзін жасырын қалдырады және көпшілікке ұсынатын ойларын да жасырын түрде жариялайды. Бұған мысал ретінде форумдар мен чаттарды, әлеуметтік желілік байланыстар мен топтарды айтуға болады, ол жерлерде қатысушылардың есімін жасыруы көп кездесетін әрі қалыпты саналатын жағдай. Әлеуметтік желілердегі форумдар мен чаттарда анонимдік аса маңызды болмағанымен, басқа жағдайларда бұл қоғамның ақпараттық ресурстары мен ақпараттық ортасын дамытудағы елеулі негативті құбылыс болып шығады. Қолданушылардың желіде бет-бейнесін жоғалтуы, жасырын қалуы және ақпараттық ресурстардың тегін болуы жеке тұлғаның өз шығармашылығын жұртқа кедергісіз ұсынуы үшін қажет, бірақ бұл мәселелер оған кері ықпалын тигізеді — олар жеке тұлғаның бірегейлігін ғана емес, сонымен қатар, оның шығармашылығының рөлін де төмендетеді.

Демек цифрлық қоғамдағы жауапкершілік, жалпы этика мәселесін жан-жақты, терең зерттеуге түрткі болатын антропологиялық дағдарыс, бірегейлік мәселесі, құндылықтық-рухани трансформация. Ақпараттық, цифрлық технологиялар дәуіріндегі өзекті мәселенің бірі — виртуалды кеңістікті адамға қолайлы ететін этикалық ілім қалыптастыру.

Қазіргі цифрлық кеңістіктің тағы бір мәселесі — ақпараттық ресурстардың шынайылығына күмәндану, құндылығын төмендету, бұл жоғарыда айтылған мәселелердің салдарынан туындап отыр. Бүгінгі жаппай цифрландыру заманында қоғамның мүшесінің іс-әрекетінің тиімділігі оны қоршаған ақпараттық кеңістіктің қаншалықты шынайы екеніне және ақпаратқа деген сұранысын қаншалықты тез және нәтижелі толықтыра алатынына байланысты. Бірақ бүгінгі қоғамдағы ақпараттық жауапкершілік қажетті деңгейде емес. Ақпараттық кеңістіктің шектеулі болуы дәл осы жағдайға байланысты, яғни ақпаратқа көпшілік үшін қолжетімді болғанымен, қажеттісін табу оңай емес әрі көп жағдайда ақпараттың бұрмаланатынын да ескеру керек. Қазіргі адамға өзіне нақты қажетті ақпаратты табу оңай емес, өйткені ол ортақ ақпарат арнасына араласып жатыр және соңғы жылдарда бұл

ақпарат тасқыны күшейе түсті. Осы ақпарат ішінен өзіне қажетті ақпаратты тауып, бөліп алу қиын шаруа. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таралатын бұрмаланған идеялар мен фактілерді пайдалана отырып, қоғамдық пікір мен сананы негативті өзертуге, билеуге қатысты мәселе де бар. Демек, адам ақпарат жетіспеушілігінен қандай зардап шексе, ақпарат көптігінен, оны таратудағы жауапсыздықтан дәл сондай зардап шегеді, ал өзіне қажетті ақпаратқа талдау жасай білу қасиеті адамның ақпараттық мәдениетінің, цифрлық этикасының маңызды компонентіне айналып отыр.

Ақпараттық этика саласындағы маңызды зерттеулерге Л. Флориди, Р. Капурро, Р. Брей, Л. Интронның еңбектерін жатқызуға болады.

Компьютерлік этиканы философиялық тұрғыдан алғаш зерттеген Р. Капурро оны ақпараттық этиканың құрамдас бөлігі ретінде қарастырған. Капурроның бұл пікірімен Л. Флориди келіспейді, оның ойынша, цифрлық технологиялар дәуірінде «ақпараттық этика» мен «компьютерлік этика» бір мағынаға ие ұғымдар.

Л. Флориди [12] ақпараттық этиканы экологиялық этиканың бір бөлігі деп есептейді. Ақпараттық технологиялар мен ақпараттық жүйелер де құндылықтар жүйесі арқылы қоршаған ортамен байланыста болады. Ол этиканың үш түрін жіктеген: ақпарат қолданысқа түскен кездегі ақпараттық этика (ақпарат ресурс ретінде); ақпарат өндірілген кездегі ақпараттық этика (ақпарат тауар ретінде); ақпараттық кеңістік сыртқы әсерге ұшыраған кездегі ақпараттық этика (ақпарат нысана ретінде). Флоридидің онтологиялық концепциясы ақпараттық кеңістіктегі әрбір объект үшін ақпараттың құндылығы бар дейді. Сонымен қатар, Флориди технологиялар адамдар өмірінің моральдық және әлеуметтік сапасына ықпалы бар екенін көрсетеді.

Р. Капурро ақпараттық технологиялар әлеуметтік өмірдің маңызды құрамдас бөлігі екенін атап көрсетеді. Ол ақпараттық этикаға нақты анықтама беріп, оны цифрлық технологиялардың қоғам мен қоршаған ортаға әсерімен күресу деп тұжырымдаған. Бірақ, зерттеушінің пікірінше, ақпараттық этиканы кең мағынасында қарастырғанда, ол цифрлық бұқаралық ақпарат құралдарымен шектелмейді, ақпарат және коммуникациямен байланысты болады. Ақпараттық этиканың негізгі тақырыптары: интеллектуалды меншік, құпиялылық, қауіпсіздік, ақпараттың шамадан тыс болуы, цифрлы алшақтық, дискриминация. Ақпараттық этика қоғамда мәдениаралық диалог орнату үшін қажет [13, 15].

«Жаһандық және жергілікті деңгейде интернет әлеуметтік коммуникацияның негізгі платформасына айналған. Оған қолжетімділікті негізгі этикалық принцип ретінде қарастырған дұрыс, бұл сөз бостандығы мен баспа бостандығы принциптері іспеттес. Еркін интернет бейбітшілік пен демократияны күшейтуге оң әсерін тигізе алады, сонымен бірге, өкінішке орай, манипуляция мен билік жүргізудің құралы ретінде де қолданылуы мүмкін», — дейді зерттеушілер [14; 10].

Ал, Р. Капурроның пікірінше, құпиялылық негізгі мәселе, себебі ол адам тұлғасының басты концепциясымен байланысты: «Біздің әлемде басқалармен бірге болмысымыз негізінен желі-әлемдегі — болмыс. Ақпараттық автономия этикасы білімдермен алмасу этикасының құралы ретінде ойластырылған. Ынтымақтастық принципін автономия принципінен бөлмеу қажет» [15; 37-40].

А. Веддер ақпараттық этикаға қатысты жаңа «құпиялылық» категориясын қалыптастыру керек дейді. Жеке ақпаратты қорғаудың нормативті категориясы ретінде ол адамдар туралы жеке ақпаратты қорғау үшін қызмет ету керек, өйткені бұндай ақпарат адамдарға қатысты маңызды шешімдер қабылдау мақсатында қолданылуы мүмкін [16, 116].

Цифрлық қоғамға тән негізгі рухани-адамгершілік құндылықтарды айқындау және дұрыс тұжырымдау — қазіргі таңдағы ақпараттық қоғам туралы зерттеулердің, этиканың маңызды мәселесі. Ақпараттық этиканы екі көзқарас негізінде зерттеуімізге болады. Біріншісі, ақпараттық кеңістіктегі адамгершілік мәселелеріне байланысты қалыптасқан қолданбалы этика ретінде. Екіншісі, цифрлық технологияларды әлеуметтік-мәдениеттің іргелі құндылығы ретінде айқындайтын болсақ, этика эволюциясының жаңа кезеңі ретінде қарастыру. Жаңа қалыптасып жатқан цифрлық қоғам этикасы, заманауи әлеуметтік мәселелер мен қарама-қайшылықтарға жауап береді және ақпараттық кеңістіктің дұрыс қызмет етуін және адамгершілік қағидаларына қайшы келмеуін қамтамасыз етеді.

Қорытынды

Цифрландыру адам өмірінің барлық салаларымен үйлесімді түрде бірігіп, оны жаңа қасиеттермен толықтырды. Бұл әрине, көптеген қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани идеялардың өзгеруіне ықпал етті, адамның өмір салтына сапалы жаңа белгілер енгізеді.

Ақпарат ең құнды өнімге және негізгі тауарға айналды десек те болады. Қазіргі қоғамда интернет, әлеуметтік желілер, жарнама, кино, музыка тұлғаны қалыптастыруда тәрбиелік қызмет атқарады, осылайша «құрамалы мәдениеттің» адамы қалыптасады.

Қоғамды ақпараттандыру жағдайында тұлғаның даму процесі келесі ерекшеліктерге ие:

– ақпараттық технологиялардың дамуы мен цифрландыру қоғам мүшелерінің ақпараттық мәдениет деңгейін арттыруды, цифрлық сауаттылығы мен жалпы интеллектуалдық әлеуетінің жоғарылатуды көздейді;

– ақпарат көлемінің көптігі және оған үнемі талдау жасау, синтездеу қажеттілігі жеке тұлғаның белсенділігін, жасампаздық қабілетін арттырады;

– ақпараттық желілер арқылы еркін тарайтын, кей жағдайда жалған ақпарат кең көлемі тұлғаның моральдық жауапкершілігін, құндылықтар жүйесін қалыптастыруды талап етеді.

Қазіргі қоғамда цифрлық, ақпараттық технологиялар өте маңызды рөл атқарады. Цифрлық кеңістікте адамдар білім алады, әлеуметтік міндеттерді атқарады, қызмет істеп, табыс табады. Ақпараттық технологиялардың күнделікті болмыстың маңызды құрамдас бөлігіне айналуымен бірге жаңа әлеуметтік мәселелер туындайды. Нәтижесінде цифрлық технологияларды, ақпараттық кеңістікті дұрыс, жауапкершілікпен қолдану философиялық, этикалық мәселеге айналып отыр.

Цифрлық қоғамда адамдардың интеллектуалдық дамумен қатар, жалған ақпарат тарату, ақпараттық кеңістікті бұрмалау сияқты негативті құбылыстар да күшейе түседі. Ақпараттық технологиялардың дамуы және кеңінен қолданылуы ойлау жүйесінің өзгеруіне алып келеді, мәселен, ақпарат беруді формалдау, стандарттау, алгоритмдер енгізу. Осының нәтижесінде заманауи бұқаралық ақпарат құралдары мен әдістерін пайдалану қоғамға әсер ету, оны билеу құралына айналады. Ақпараттық технологиялар адам санасына манипуляция жүргізудің де әдістерін жасады, осының салдарынан адам болмысты рационалды игеру қабілетінен айырылады. Техногенді өркениеттің дамуы тұлғаның қалыптасуы мен әлеуметтену үдерісіне де өз ықпалын тигізеді. Цифрлық қоғамдағы жауапкершілік, жалпы этика мәселесін жан-жақты, терең зерттеуге түрткі болатын факторлар — антропологиялық дағдарыс, бірегейлік мәселесі, құндылықтық-рухани трансформация. Ақпараттық, цифрлық технологиялар дәуіріндегі өзекті мәселенің бірі — виртуалды кеңістікті адамға қолайлы ететін этикалық ілім қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Романович А.Л. На пути к устойчивому будущему / А.Л. Романович, А.Д. Урсул // Устойчивое развитие. Наука и практика. — 2002. — № 1. — С. 123–131.
- 2 Балабекұлы Д. Қазіргі заманғы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі: әлеуметтік-философиялық талдау: филос. д-ры (PhD) дәр... дис. Мамандығы 6D020100 — Философия / Д. Балабекұлы. — Алматы, 2020. — 122 б.
- 3 Wallerstein I. Utopistics, Or Historical Choices of the Twenty-First Century / I. Wallerstein. N.Y. — 1998.
- 4 Информационное общество: сб. — М.: ООО «Издательство "АСТ"», 2004. — 507 с.
- 5 Апресян Р.Г. Этика: энцикл. словарь / под ред. Р.Г. Апресяна, А.А. Гусейнова. — М.: Гардарики, 2001. — 671 с.
- 6 Benson Paul. "Freedom and Value" / Paul Benson // The Journal of Philosophy. — 1987. — Vol. 84. — No. 9. — P. 465–486.
- 7 Floridi L. Information Ethics: On the Theoretical Foundations of Computer Ethics / L. Floridi // Ethics and Information Technology. — 1999. — Vol. 1, No 1.
- 8 Тоффлер Э. Третья волна / Э. Тоффлер. — М.: ООО «Издательство "АСТ"», 2002. — 776 с.
- 9 Негодаев Н.А. На путях к информационному обществу / Н.А. Негодаев. — Ростов н/Д.: ДГТУ, 1999. — 247 с.
- 10 Гидденс Э. Социология / Э. Гидденс. — 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Едиториал УРСС, 2005. — 632 с.
- 11 Белл Д. Социальные рамки информационного общества / Д. Белл // Новая технократическая волна на Западе. — М.: Прогресс, 1986. — С. 330–342.
- 12 Floridi L. The Philosophy of Information: Ten Years Later / L. Floridi // Metaphilosophy. Oxford. — 2010. — Vo. 41, No. 3. — P. 420-442.
- 13 Capurro R. Information Ethics in the African Context / R. Capurro // Information Ethics in Africa: Cross-cutting Themes. ACEIE, 7-204. — 2013.
- 14 Капурро Р. Информационная этика / Р. Капурро // Информационное общество. — 2010. — Вып. 5. — С. 6–15.
- 15 Capurro R. Privacy: An Intercultural Perspective / R. Capurro // Ethics and Information Technology. 2005. — Vol. 7, No. 1. — P. 37-47.

Ж.Н. Бекенова, Г.Ж. Нурышева, Ж.А. Амиркулова

Особенности бытия личности и проблема ответственности в цифровом обществе

В статье проведен анализ проблемы личности в цифровом обществе, ее особенностей и ответственности. Трансформация личности в цифровом обществе, структура информационной этики, понятие ответственности были сформулированы на основе работ Э. Тоффлера, М. Маклюэна, Д. Белла, Л. Флориди, Р. Капурро, Р. Брея. Авторами определены особенности личности, сложившиеся в результате развития информационных технологий и сетевых коммуникаций. В постоянно развивающемся цифровом мире возникли серьезные этические проблемы с распространением информации. Они связаны с ответственностью, обязанностью граждан при восприятии и распространении информации. В этой связи, наряду с моральной ответственностью, актуальным становится и вопрос информационной безопасности. В современном цифровом мире информационная безопасность становится не только законодательной, но и социально-философской проблемой, влияющей на жизнедеятельность общества в целом. Авторами были сформулированы основные духовно-нравственные ценности, присущие цифровому обществу, проведен анализ сущности и значимости информационной ответственности и сложившихся подходов к ее изучению на основе исследований, касающихся этической проблемы в информационном обществе.

Ключевые слова: информация, информационное общество, цифровое общество, коммуникация, мораль, информационная этика, ответственность, ценности, информационное пространство.

Zh.N. Bekenova, G.Zh. Nuryшева, Zh.A. Amirkulova

Features of being of a person and the problem of responsibility in a digital society

The article provides an analysis of the problem of personality in a digital society, its features and responsibilities. The transformation of personality in a digital society, the structure of information ethics, the concept of responsibility were formulated on the basis of the works of E. Toffler, M. McLuhan, D. Bell, L. Floridi, R. Capurro, R. Bray. Personality features formed as a result of the development of information technologies, network communications are defined in the article. In the ever-evolving digital world, serious ethical problems have arisen with the dissemination of information. They are related to the responsibility, the duty of citizens when receiving and distributing information. In this regard, along with moral responsibility, information security becomes an urgent issue. In the modern digital world, information security is becoming not only a legislative problem, but also a socio-philosophical problem affecting the life of society as a whole. The article formulates the main spiritual and moral values inherent in the digital society, and analyzes the essence and significance of information responsibility and the established approaches to its study based on research related to the ethical problem in the information society.

Keywords: information, information society, digital society, communication, morality, information ethics, responsibility, values, information space.

References

- 1 Romanovich, A.L., & Ursul, A.D. (2002). Na puti k ustoichivomu budushchemu [On the way to a sustainable future]. *Ustoichivoe razvitie. Nauka i praktika — Sustainable development. Science and practice*, 1, 123–131 [in Russian].
- 2 Balabekuly, D. (2020). Qazirgi zamangy Qazaqstannyn apparattyq kenistigi: aleumettik-filosofialyq taldau [Information space of modern Kazakhstan: socio-philosophical analysis]. *PhD thesis*. Almaty [in Russian].
- 3 Wallerstein, I. (1998). *Utopistics, Or Historical Choices of the Twenty-First Century*. N.Y.
- 4 (2004). *Informatsionnoe obshchestvo: sbornik* [Information society: collection]. Moscow: OOO «Izdatelstvo “AST”» [in Russian].
- 5 Apresian, R.G. (2001). *Etika: entsiklopedicheskii slovar* [Ethics: encyclopedic dictionary]. R.G. Apresiana, A.A. Guseinova (Eds.) Moscow: Gardariki [in Russian].
- 6 Benson, Paul. (1987). “Freedom and Value”. *The Journal of Philosophy*, 84(9), 465–486.

- 7 Floridi, L. (1999). Information Ethics: On the Theoretical Foundations of Computer Ethics. *Ethics and Information Technology*, 1(1).
- 8 Toffler, E. (2002). Tretia volna [The third wave]. Moscow: OOO «Izdatelstvo “AST”» [in Russian].
- 9 Negodaev, N.A. (1999). Na putiakh k informatsionnomu obshchestvu [On the way to the information society]. Rostov on Don: DGTU [in Russian].
- 10 Giddens, E. (2005). Sotsiologiia [Sociology]. Moscow: Editorial URSS [in Russian].
- 11 Bell, D. (1986). Sotsialnye ramki informatsionnogo obshchestva [The social framework of the information society]. *Novaia tekhnokraticheskaia volna na Zapade — New technocratic wave in the West*. Moscow: Progress [in Russian].
- 12 Floridi, L. (2010). The Philosophy of Information: Ten Years Later. *Metaphilosophy*, 41(3), 420-442. Oxford.
- 13 Capurro, R. (2013). Information Ethics in the African Context. *Information Ethics in Africa: Cross-cutting Themes*. ACEIE, 7-204.
- 14 Capurro, R. (2010). Informatsionnaia etika [Information ethics]. *Informatsionnoe obshchestvo — Information Society*, 5, 6–15 [in Russian].
- 15 Capurro, R. (2005). Privacy: An Intercultural Perspective. *Ethics and Information Technology*, 7(1), 37-47.
- 16 Vedder, A. (2005). Expert Knowledge for Non-Experts: Inherent and Contextual Risks of Misinformation. *ICES, Journal for Information, Communication and Ethics in Society*, 3(3), 113-119.

N.I. Buketova^{1*}, A.T. Aratayeva¹, S.S. Turkenova¹, A.S. Amrenova², B.I. Jussupov³

¹*Karaganda University of the name of Academician Ye.A. Buketov, Kazakhstan;*

²*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan;*

³*Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Kazakhstan*

(E-mail: nursulu.buketova@mail.ru, sgaat@mail.ru, saltanat_turkeno@mail.ru, assel.s.a@mail.ru, berik_jussupov@mail.ru)

Intertextual implications of E.A. Buketov's philosophy of humanism and multiculturalism

Philosophy as a developing cognitive science had been significantly influenced by the scientific paradigm of Ferdinand de Saussure. In the Chapter on *Langue and Parole* Ferdinand de Saussure draws a distinction between Language and Speech, particularly on their interdependence. The language is a tool and the manifestation of the speech, i.e. connecting the spoken activity and written language. The notion of Intertextuality was first used by Juliya Kristeva, and then increased under postmodernism up to "All texts are intertexts" since they refer to the pre-existing texts and current ones. This Article considers the linguistic personality of a bilingual author within the frames of Intertextuality. In this sense, the literary works and translations of Academician Evney Buketov arouse an intense interest to his linguistic personality. The novelty of this approach refers to research gap of intertexts and their meanings. The texts of the Author are being analyzed across philosophical and linguistic sciences. Such approach empowers the multidimensional and holistic analysis of the linguistic personality's discourse. In this particular case the linguistic personality, the author of the texts is a bilingual person whose mother tongue is the Kazakh language and is proficient in Russian, powerfully writing literary texts. In the meantime, the author is a multicultural personality with overlapping cultural fields that give depth and breadth to the intertext from the standpoint of postmodern discourse.

Keywords: intertextuality, intertextual meanings, humanism, multicultural, linguistic personality, postmodern discourse, metatext, semantic field, semiotic field, intertext.

Introduction

The discoveries of science and development of scientific thought had been influencing on Philosophy, resulted in losing its classical principles, which recently represented a solid model. Little by little, since the middle of the XIX century, there had been dynamic changes in its status and philosophy was being formed as a developing system of knowledge. Herewith, the object of philosophical thought was represented not only by a linguistic persona, their thinking and consciousness, but also the social factor, culture and religion. In other words, the scope of scientific philosophical analysis was increasing, and new special studies on the cognitive theory, culture, religion, etc. were determined.

The early XXth century was marked by fundamental changes in linguistics and philosophy influenced by the Saussure's scientific paradigm. In his lecture Ferdinand de Saussure points out the sign theory of a language and two types of dichotomy: the dichotomy of language and speech and the dichotomy of synchrony and diachrony. The matter of the non-linguistic nature of phonology leads him to the discovery of the sign theory of language:

"Language is a system of signs; a language per se builds the relations that our thought (e'sprit) establishes between these signs. Whereas the material value of these signs, on its own terms, can be considered as something indifferent to the sign."

Indeed, we are forced to use only sound image for linguistic signs, but even if the sounds changed, they would be indifferent for the language, since the relations would remain the same: c.f., for instance, nautical signals: nothing will change in the system, even if the colors faded [1; 13]. In his chapter on the theory of language and speech Ferdinand de Saussure notes the need to draw a distinction between language and speech and recognizes the symbiotic relationship between these entities. Consequently, he comes to the conclusion that the evolution of language is conditioned by speech phenomena: "... our language skills change with respect to the impressions received when listening to others. Thus, the interdependence between language and speech is established: language is both a tool and a product of speech. But all this does not prevent language and speech from being two completely different things [1; 57].

* Corresponding author's e-mail: nursulu.buketova@mail.ru

Basically, the text analysis was made possible only by doing that distinction, considering that as a connector of the spoken activity and written language. Literary works had always been of interest to the text linguistics. In 1967 Juliya Kristeva, post-structuralism theorist, [2] introduced the term “intertextuality”, giving a new meaning to “The problem of content, material and form in verbal art” by M. Bakhtin, 1924 [3].

Whereas M. Bakhtin puts a very deep sense into the creation of a literary text, arguing that this process allows the author once to find himself in different time periods, and at the same breath deals with previous literature, and calls these relations a “dialogue”. J. Kristeva approached Bakhtin's concept of “dialogue” as a tool for providing a literary analysis. In a broader sense, intertextuality acquired a different understanding influenced by the theory of the signs of J. Derrida [4], who considered the sign with no referential distinctive function.

During all discussions the formulation of R. Barthes [5; 78] becomes fundamental: “Each text is an intertext; other texts are present in it at various levels in more or less recognizable forms: texts of the background culture and texts of the surrounding culture.

Each text is a new structure created from the garlands of quotations. Fragments of cultural codes, formulas, rhythmic structures, fragments of social idioms, etc. — are all absorbed by the text and blended in it, because there are always a background and surrounding languages. Being a required postulate for any text, intertextuality cannot be reduced to the problem of sources and influences; it is a common field of unidentified formulas, with unknown origin in most cases, as well as unconscious or automatic quotations with no quotation marks” [5; 78]. The frames of intertextuality present the world as a huge text wherein everything was already said, and new things would be possible only on the principle of a kaleidoscope: blending certain elements gives new combinations. R. Barthes considers any text as a kind of “echo chamber” [5; 78].

The linguistic persona of Academician E.A. Buketov shall be considered as the representative of the Kazakh ethnic culture with a peculiar worldview a special connotative and verbal corpus in the semantic space, and therefore is valuable to the scientific research. From the perspective of the anthropocentric paradigm, the linguistic persona of E.A. Buketov has developed and consolidated historically, ethnically and socially in semiotic systems, therefore represents the interest to the humanism and ethnic culture.

Evney Buketov's texts can be categorized as intertexts since they contain the semantic and semiotic meanings of several languages, along with the fact that his main epistolary, artistic, journalistic, scientific texts belong to three different languages — Kazakh, Russian, English. The linguistic persona of Yevney Buketov, being the object of scientific linguistic research, is characterized by a special conceptual framework due to the fact that he lived and wrote his works in the multicultural environment, and had a higher worldview and a multidimensional picture of the world.

Суфии рассматривали прекрасные имена Бога как его атрибуты, свод идеальных качеств, говоря современным языком, как ценностные установки «на пути человека к совершенству». Среди имён Аллаха есть имена «Сущий», «Вечно живущий», «Свет», «Справедливый», «Знающий», «Мудрый», «Щедрый», «Дарующий», «Дающий Блага», «Осчастливливающий», «Бодрствующий», «Пробуждающий» и другие. Непреходяще ценные сущности Ж. Баласагуни: «Справедливость», «Счастье», «Разум», «Мудрость» — находимые во времени, но не временные, тождественные божественным атрибутам, «прекрасным именам Бога» — «ноуменальные сущности», отличные от феноменальных их проявлений.

Результатом исследования системы ценностей Баласагуни, главным отличием «непреходяще ценных сущностей» оказывается их божественная метафизическая природа, которая является в их вне временности, устойчивости в изменчивом потоке бытия. Ценности, декларируемые Баласагуни, таким образом, онтологичны. Эти онтологизированные «непреходяще ценные сущности», существующие как бы самостоятельно, «сохраняют свою идентичность во всем истечении времени, являются выражением определенных отношений, вплоть до конструирования особого мира». Таким образом, парадигма «основа» — «ветвь» может нам действительно помочь и прояснить как «инструмент» прочтения и придания логики смысла системы «непреходяще ценных сущностей» Ж. Баласагуни.

Обсуждение

Одновременно с призывом смирить свой дух и сердце, Ж. Баласагуни воспевает благодать «ученья» и «знания»: «Учение — светоч во мраке ночном, от светоча знания ты светел челом» [9; 287]. В чем же отличие «учения» — «илм» от «знания» — «билиг»? Основатель ислама — пророк Мухаммад настойчиво и по разным поводам говорил о знании божьем и человеческом. Современными исследователями подробно изучено, как Мухаммад представил божественное знание. Все человеческое знание происходит от Бога. Таким образом, очевидно, что человек не может знать больше, чем Бог. Даже ангелы знают лишь то, чему научил их Бог. Ничто из божественного знания не может быть известно без божьей воли. Однако, гораздо более важно, очевидное предположение в тексте Корана, что человеческое знание, которое истинно, должно равняться религиозному постижению. «Верить» и «быть наделенным знанием» появляются как параллельные выражения в Коране: «Бог возвысит вас на различные степени, тех, кто уверовал. И тех, кому дано знание» [14; 30, 134, 217, 264]. Божье знание, предвечное и всеобъемлющее, служит одним из признаков всемогущества Аллаха.

Одним из имён его является Истинный. Человеческое знание двояко: обычное мирское, элементарное или более развитого характера (*знание — билиг*) и религиозное человеческое знание, равное вере (*учение — илм*). Последнее и есть тот вид человеческого знания, которое подразумевается в коранической проповеди важности человеческого знания. В поэме Баласагуни о нем упоминает как об «учении».

Таким образом, всякое человеческое знание, обладающее реальной ценностью и действительно заслуживающее названия «знание», является знанием религиозным и составляет высочайшее развитие знания, доступного человеку. Более того, это не просто некая общерелигиозная информация, но и идентичная содержанию божьего послания, переданного через пророка.

В тексте это соотношение также можно прояснить парой «основа–ветвь». «В исламской мысли, — обращает внимание А.В. Смирнов, — различные и противоречащие "ветви" растут одновременно из одного "корня", а их противоречивость не мешает общему единству и не считается недостатком или ненормальностью» [5; 276]. В тексте Баласагуни, мы встречаем: «ветвь веры и ветвь мирская противопоставлены друг другу, и их пути не сближаются» или «спинная лопатка этой религии, и спинная лопатка вселенной расположены напротив, и они не сближаются, их пути не пересекают друг друга» [15; 158, 226], то есть рядоположены. Это положение чрезвычайно важно, ибо оно проливает свет на взаимоотношения героев книги визирия Огдюльмиша — Разума и отшельника Одгурмыша и, следовательно, на то место, которое они занимают в системе ценностей Баласагуни.

Но, кроме человеческого знания, как светского, так и религиозного, существует ещё его «асл» — «причина», «сущность» — божье знание. Самая важная черта в этих аспектах знания, что они ощущались и представлялись Ж. Баласагуни как взаимодополняющие и взаимозависимые. Не может быть никакого человеческого знания, светского и религиозного, без знания, которым обладает божество.

В системе ценностей Баласагуни на вершине пирамиды — божье знание, в основном оно идентично человеческому знанию, но всё-таки несколько высшего порядка по объёму и качеству. С другой стороны, причины существования божьего знания, равно как его конечная цель, заключается в человеке, в его потребности в знании и в стремлении к нему. Знание представляется чем-то разнообразным и необъятным, но в некотором смысле оно монолитно и конечно. Знание может быть приобретено человеческой деятельностью, но скорее им обладает Бог, распределяющий в какой степени предоставить его (знание) человеку. «Истина *предъявлена* нам, — замечает А.В. Смирнов, — но оказывается, совсем не обязательно *явлена*.

Парадокс не-явленности ясной и предъявленной истины — глубочайшая проблема... Эта проблема фундаментальна; она постоянно требует своего разрешения и в то же время этого решения не допускает. Она, иначе говоря, превращается в непрестанный импульс, вечный источник движения классической мысли» [5; 258]. В том числе и поэтической.

Ж. Баласагуни, таким образом, в своём тексте применил излюбленный инструмент классического арабского мышления — оппозицию *явное-скрытое (захир-батин)*. «Предъявленная-но-неявленная истина — это *скрытое (батин)*. Предъявленность истины означает, что вся истина — здесь, перед нами. То, что явлено непосредственно, облачает истину: истина внутри облачения. Образ одежд, закрывающих тело истины, — один из самых популярных в исламском средневековье для описания скрытой истины. Одежды, однако, не только скрывают, но и подсказывают, и ведут к тому, что за ними. В одеждах предстаёт перед нами вполне осязаемый, здесь — представленный лик истины;

тело — в одеждах, а не бесплотная тень чего-то. Раз-облачение и оказывается вы-явлением истины» [5; 259].

Ж. Баласагуни в духе традиции предъявляет нам своих героев. «Непреходяще ценные сути» олицетворены и «облачены» по традиции того времени. Каждый герой имеет как бы символический код, обладает своими специфицирующими их суть атрибутами. Так, Справедливость восседает на треножном (не опора ли три последующие «ценные сути») серебряном троне (на золотом, имеет право восседать только халиф), с кинжалом в руке, с весами: чашей с ядом и чашей с усладой — символ силы и справедливого суда. Образ весов один из архетипических образов различных культур. Но внимание в арабо-мусульманской культуре обращено не на сами чашки и их содержимое, а на «усредняющий и уравнивающий стержень ... сам факт уравниваемости противоположащего, ... как именно двое противопоставляемых могут быть связаны в уравнивленное единство, каковы условия этого связывания — вот задача, которую решает теоретическая мысль здесь» [5; 289]. Классическая философская традиция поиска золотой середины, умеренности — максима «лучше всего срединное» находит своё выражение и в тексте Ж. Баласагуни.

Счастье, в свою очередь, «облачено» в халат, имеет печать и бунчук, барабан и кольчугу. Возможно, что эти символы означают слияние и гармонизацию двух составляющих власти, осуществляемых мирными, рациональными, законными и военными средствами. Счастье в этом контексте — вечный поиск гармонии и осмысленного единства противопоставленного.

Разум «облачен» в халат, имеет коня, чашу, печать. Непритязательность «облачен» во власянице, имеет посох и кувшин. Все эти внешние атрибуты «непреходяще ценных сугей» раскрывают их статус, сферу опыта, который они объективируют, способы и приёмы их реализации. Например, Справедливость, Счастье и Разум облачены в халаты, а Непритязательность довольствуется власяницей. Справедливость, Счастье, Разум передвигаются на конях, Непритязательность передвигается только пешком.

Баласагуни предвидит, что его книга, «полезная», «во всем безупречная», будет «многим из тюрок понятием трудна. И ведаёт цену ей лишь просвещённый, что может невежда понять неучёный!» Здесь необходимо помнить, что под «просвещённым» Ж. Баласагуни подразумевает человека не просто умного и проникательного, но которому также открыто учение Мухаммеда, то есть включённого в культурное поле мусульманской системы ценностей. Соответственно, под «невеждами», автор подразумевает не просто глупых и праздных, но и разного рода язычников — идолопоклонников. Поскольку в ту пору существенным было противопоставление ислама тому, что до ислама и вне ислама: веры неверию и знания неведению.

В образах — героях, «непреходяще ценных сутях», возможно, скрыт принятый у традиционалистов принцип божественной мудрости (*хикма*). Он проявляется двумя путями. Первый — это путь доброты (*фадл*), а второй — путь справедливости (*адл*). Аллах справедлив потому, что обращается с каждой вещью так, как с ней следует обращаться. Кюнтогды, Айтолды, Огдюльмиш осуществляют путь справедливости: Кюнтогды острым мечом пресекает несправедные дела, Айтолды и Огдюльмиш решают проблемы пером. Путь доброты в поэме осуществляет Одгурмыш. Доброта Бога неизмерима, она не знает границ, поэтому Одгурмыш не судит, не решает, но исследует, выслушивает и предоставляет возможность, свершится суду божьему, то есть поступить справедливо.

Поведение каждого героя есть «некий фиксированный образец, который в своей фиксированности обретает права подлинности, истинности» [5; 270.]. Все герои проходят через собственные «сомнения» испытания — испытания, «растерянное сознание», передумывают собственные жизненные пути, раскаиваются и вновь возвращаются на свою «орбиту», тем самым доказывая истинность и необходимость своего пути, своего места. Таким образом, Ж. Баласагуни описывает Бога как принцип, который указывает вещам их место по своим правилам. Однако он оставляет творениям их право, ибо они располагаются не произвольно, а являются частью порядка, в котором каждая вещь имеет «своё место». Это проявляется во всех действиях Бога, в каждом акте, связывающем его с его созданиями, ибо все они мудры. Поскольку Бог придерживается однажды принятых норм, это означает для Баласагуни, как уже было отмечено выше, что все они доступны рациональному пониманию, именно поэтому «наука и разум основа всех дел».

Важно учитывать и то, что сущность и свойства «непреходяще ценных сугей» выявляются в тексте Ж. Баласагуни в диалогах, то есть связках, в которых обязательно присутствуют двое (например: элик — визирь, элик — отшельник и т.д.), где двое не просто противостоят друг другу как «владелец права» и «несущий обязательства», а образуют «фундаментально-смысловую комплексность»,

которая только и делает возможным процедуру осмысления. В беседах каждый герой приобретает не просто свой «образ», а свою «завязанность», или «привязанность» — свою закрепленность в самостоятельности, благодаря фиксирующему завязыванию. С позиций общих принципов теории систем подход Баласагуни может быть охарактеризован как подход, акцентирующий внимание как раз тех неуловимых «системных свойствах», которые появляются в целом, отсутствуя в частях. Так, несомненно, важную символическую роль имеют письма-послания и передача атрибутов Одгурмышы героям поэмы. Власяница достаётся мюриду — ученику, посох — Справедливости, чаша — Разуму.

Таким образом, результатом интерпретации концепции знания Баласагуни, при помощи собственных, выработанных в недрах арабо-мусульманской интеллектуальной традиции парадигмальных установок, является более глубокое понимание соотношения божественной мудрости и человеческого знания, творческий переплав которого, являет нам тонкое поэтическое умонастроение автора на конструктивное, созидательное отношение к реальности, «где наука и разум — основа всех дел».

Заключение

За последний век, было так много достигнуто в медиевистике, что среди специалистов не вызывают сомнения роль и значение средневековья в становлении подлинных шедевров человеческого духа, его многочисленных фундаментальных проявлений, и влиянии на современный цивилизованный как восточный, так и европейский мир. Тем не менее до сих пор в общественном сознании, возможно, и в учебниках, и в СМИ слышны отголоски пренебрежительного, упрощённого восприятия средневековья, сформированного несколько «заносчивым» Просвещением XVIII века, которое обычно сводится к «крестовым походам», чуме, «охоте на ведьм», инквизиции и продаже индульгенций. Это одностороннее и несколько предвзятое восприятие уже начало меняться в науке, литературе, искусстве.

Целью данной статьи было стремление прояснить, пролить свет на внутренние импульсы и невидимые непосвященным, но тем не менее глубинные системные связи мощных культурных движений тюркизации и мусульманизации края, освоения арабо-персидских интеллектуальных и поэтических канонов. Все это дало возможность сформироваться дарованию Ж. Баласагуни и позволило ему сочинить текст, благодаря которому мы могли бы включить его в круг авторов, названный в средневековой иранистике «феноменом мгновенной классики».

В заключение, важно подчеркнуть, что в современной литературе зафиксированы противоречивые, если не сказать крайние оценки в отношении взаимодействия и взаимного восприятия ислама и суфизма, которые отчасти продиктованы различными текущими политическими коллизиями [16].

Но в отношении времени, когда Ж. Баласагуни писал свою поэму (462 г. хиджры, или 1069–1070 гг., по европейскому календарю) и вывел в качестве главных героев отшельника — суфия, представителя иррациональной, мистической традиции, с одной стороны, и правителя и визирей, как представителей мирской ветви мусульманской власти, можно утверждать, что в этот период, суфизм был искренним, индивидуальным, мистическим продвижением на пути к Богу, становящейся философией, с самобытной эстетической, поэтической традицией, одной из граней мировоззрения представителей городского сообщества от высокопоставленных чинов до представителей различных творческих профессий, в том числе торговцев и ремесленников; и, в этом особенном пространстве Любви к миру, к его квинтэссенции недостижимому Возлюбленному, многим подлинным шедеврам суфийской, в том числе тюркоязычной поэтической традиции ещё предстоит быть сочинёнными.

Данное исследование финансируется Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (Грант № AP19676634).

Список литературы

- 1 Рейснер М.Л. Персидская религиозно-мистическая поэзия XI–XV вв. / М.Л. Рейснер. — Казань, 2015. — 219 с.
- 2 Майоров Г.Г. Формирование средневековой философии / Г.Г. Майоров. — М., 1979. — 417 с.
- 3 Бертельс Е. Суфизм и суфийская литература. — Т. 3 / Е. Бертельс. — М., 1965. — 719 с.
- 4 Игнатенко А.А. Деятельный человек versus Божественное всемогущество (квиеизм и активизм в арабо-исламских «княжских зеркалах») / А.А. Игнатенко // Этическая мысль: научно-публ. чт. — М., 1992. — С. 74–97.

- 5 Смирнов А.В. Справедливость (опыт контрастного понимания) / А.В. Смирнов // Средневековая арабская философия. — М.: Восточная литература, 1998. — 527 с.
- 6 Амребаева Ж. Концепт «охоты» в гносеологии Жусупа Баласагуни / Ж. Амребаева // Узловые проблемы тюркской истории: материалы Респ. конф. «Проблемы тюркской истории». — Семей, 2015. — 170 с.
- 7 Лосев А.Ф. История античной эстетики. Последние века / А.Ф. Лосев. — Т. 1. — М.: Искусство, 1988. — 414 с.
- 8 Фролова Е.А. История средневековой арабо-мусульманской философии / Е.А. Фролова. — М.: РАН; Ин-т философии, 1995. — С. 12.
- 9 Баласагуни Юсуф. Благодатное знание / Юсуф Баласагуни. — Л.: Сов. писатель, 1990. — 560 с.
- 10 Неретина С.С. Тропы и концепты / С.С. Неретина. — М., 1993. — С. 28.
- 11 Иванов С.Н. О «Благодатном знании» Ю. Баласагунского / С.Н. Иванов // Юсуф Баласагунский. Благодатное знание. — М.: Наука, 1983. — С. 529, 530.
- 12 Фомкин М.С. О суфийских мотивах в «Благодатном знании» Юсуфа Баласагуни / М.С. Фомкин // Советская тюркология. — М., 1990. — № 4. — С. 74.
- 13 Ислам. Энциклопедический словарь. — М.: Наука, 1991. — С. 42.
- 14 Коран. — М., 1990. — С. 30, 134, 217, 264
- 15 Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1967. — 676 с.
- 16 Эрнст Карл В. Суфизм / Эрнст В. Карл. — М., 2002. — С. 32.

А.А. Рыскиева, Ж.Т. Амребаева, С.У. Абжалов, Ә.А. Құранбек, Қ.Қ. Базарбаев
**«Құтты білімдегі» Жүсіп Баласағұнидың «Мәңгілік құнды мәндер»
әлемінің эзотерикалық мағынасы**

Мақалада Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білімдегі» құндылықтар әлемінің эзотерикалық құрамдас бөлігі қарастырылған. Мақсат — мемлекеттің ғана емес, сонымен бірге «бақытты», «әділ» және «ақылға қонымды, ұтымды» күйге жету үшін мемлекет пен қоғамды қалай басқаруға болатынын, мәтіннің айқын көрінетін мағынасын ашу қоғамның «өзін-өзі қамтамасыз ететін, дана» жағдайын анықтау. Бұл мақсатқа жету үшін тарихи-мәдени, герменевтикалық және салыстырмалы әдістер мен тәсілдер қолданылды. Ақын түркі тілінде тұңғыш рет араб-парсы сопылық талғампаз поэтикалық формалар мен терең, адамгершілікке толы ортағасырлық философиялық сопылық мотивтерді икемдеп, білімді замандастарына жақын әрі түсінікті көркем образдар арқылы өз ойын шебер сомдаған. Мақаланың нәтижесі — мән-мағынаны неғұрлым барабар түсіндіру, өлең образдарының дәлірек ашылуы, танылған ақтаңдақтар мен көмескі тұстардың артикуляциясы, «тыйым» түрі; оқырман назарын «көзден таса нүктелерге» аудару; әдетте, егер сіз дәуір контекстін, автордың назарын, сондай-ақ аудиторияның білімді қабылдау қабілетін ескермесеңіз, назардан тыс қалдырады. Жүсіп Баласағұнның мәтіні күрделі синтез, аса құнды, классикалық поэтикалық түркі тілдес туынды ретінде және түріктердің (арабша да, парсы да емес) прагматикалық «билеушілерге арналған ілімдер» жыынтығы ретінде және тазартылған сопылық философиялық қайнар көз болып табылады.

Кілт сөздер: түркілік дүниетаным, түркілік сопылық дидактикалық поэма, қайырымдылық жолы (фадр), әділеттілік жолы (адл), бақыт, ақыл, даналық.

A.A. Ryskiyeva, Zh.T. Amrebayeva, S.U. Abzhalov, A.A. Kuranbek, K.K. Bazarbayev
**The Esoteric Meaning of the World of “Eternally Valuable Essences”
written by Zhusup Balasaguni in “Kuttu Bilim”**

The article deals with the esoteric component of the world of values of Zhusup Balasaguni in “Kuttu Bilim”. The goal is to clarify, not the external obvious meaning of the text, how to manage the state and society in such a way as to achieve a “fair” and “reasonable, rational” state of not only the ruling court but also a “happy”, “self-sufficient, wise” state society. The purpose of the article is to draw attention to the still emerging in the XI century (the time of the life and work of the poet), which arose in the X century and developed according to the XV medieval classical Muslim poetic tradition, the heart of which was Sufism. To achieve this goal, historical-cultural, hermeneutic, and comparative methods were used, including contrast understanding / created by A. Smirnov. The results of the articles are recommendations for understanding and relevance of the perception of the text by readers, for adequate perception of the images of the poem, articulation of concepts, gaps and hidden signs, hints that disappear if you do not take into account the context of the era, the author's intentions, as well as the tendency to perceive knowledge. The text of Zhusup Balasaguni is a complex

synthesis, valuable, and as a classic poetic Turkic-language masterpiece; and as a kind of Turkic (neither Arabic nor Persian) set of pragmatics “teachings to princes”; and as a refined Sufi philosophical source.

Keywords: Turkic worldview, Turkic Sufi didactic poem; the path of kindness (fadl), the path of justice (adl), happiness, intelligence, wisdom.

References

- 1 Reisner, M.L. (2015). Persidskaia religiozno-misticheskaia poezii XI–XV vv. [Persian religious and mystical poetry of the XI- XV centuries]. Kazan [in Russian].
- 2 Maiorov, G.G. (1979). Formirovanie srednevekovoi filosofii [Formation of medieval philosophy]. Moscow [in Russian].
- 3 Bertels, E. (1965). Sufizm i sufiiskaia literatura [“Sufism and Sufi literature”]. Vol. 3. Moscow [in Russian].
- 4 Ignatenko, A.A. (1992). Deiatelnyi chelovek versus Bozhestvennoe vsemogushchestvo (kvietizm i aktivizm v arabo-islamkikh «kniazhikh zertsalakh») [Active man versus Divine omnipotence (quietism and activism in the Arab-Islamic “princely mirrors”)]. *Eticheskaiia mysl: nauchno-publitsisticheskie chteniia — Ethical thought: scientific-publicist readings*. Moscow [in Russian].
- 5 Smirnov, A.V. (1998). Spravedlivost (opyt kontrastnogo ponimaniia) [Justice (experience of contrasting understanding)]. *Srednevekovaia arabskaia filosofiiia — Medieval Arabic philosophy*. Moscow: Vostochnaia literatura [in Russian].
- 6 Amrebaeva, Zh. (2015). Kontsept «okhoty» v gnoseologii Zhusupa Balasagyna. [The concept of “hunting” in the epistemology of Zhusup Balasagyn]. *Uzlovyie problemy tiurkskoi istorii: materialy Respublikanskoi konferentsii «Problemy tiurkskoi istorii» — Nodal problems of Turkic history: materials of the republican problem of Turkic history*. Semei [in Russian].
- 7 Losev, A.F. (1988). Istoriia antichnoi estetiki. Poslednie veka [History of ancient aesthetics. The last centuries]. Vol. 1. Moscow: Iskusstvo [in Russian].
- 8 Frolova, E.A. (1995). Istoriia srednevekovoi arabo-musulmanskoii filosofii [History of medieval Arab-Muslim philosophy]. Moscow: RAN; Institut filosofii [in Russian].
- 9 Balasaguni, Yusuf (1990). Blagodatnoe znanie [Blessed knowledge]. Leningrad: Sovetskii pisatel [in Russian].
- 10 Neretina, S.S. (1993). Tropy i kontsepty [Tropes and concepts]. Moscow [in Russian].
- 11 Ivanov, S.N. (1983). O «Blagodatnom znanii» Yu. Balasagunskogo [About the “Blessed knowledge” of Yu. Balasagunsky]. *Yusuf Balasagunskii. Blagodatnoe znanie — Yusuf Balasagunsky. Blessed knowledge*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 12 Fomkin, M.S. (1990). O sufiiskikh motivakh v «Blagodatnom znanii» Yusufa Balasaguni [On Sufi motives in the “Gracious knowledge” of Yusuf Balasaguni]. *Sovetskaia tiurkologiia — Soviet Turkology*. Moscow [in Russian].
- 13 Islam. Entsiklopedicheskii slovar [Islam. Encyclopedic Dictionary]. (1991). Moscow: Nauka [in Russian].
- 14 (1990). Koran [The Quran.]. Moscow [in Russian].
- 15 (1967). Drevnetiurkskii slovar [Ancient Turkic dictionary]. Leningrad: Nauka [in Russian].
- 16 Ernst, Karl V. (2002). Sufizm [Sufism]. Moscow [in Russian].DOI

А.Т. Сариева*, А.К. Жолдубаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: a.sariyeva@gmail.com, azar.08@mail.ru)

Постпандемия кезеңіндегі жаңа құндылықтар: «жаңа норма» ұғымының рөлі

«Жаңа норма» әдетте дағдарыстан кейін орын алатын жағдай ретінде қарастырылып келсе, пандемия қоғамды жайлаған кезде денсаулық сақтау және емдеу жүйелері, экономикалық өмір, мәдениет, әлеуметтік-экономикалық таптық құрылымдар мен нәсілдік қатынастар, іргелі институционалдық тетіктер, қауымдастықтар мен күнделікті отбасылық өмір сияқты маңызды құрылымдардың қалыпты жағдайын бұзды. Оған жаһандық деңгейде енгізілген ереже нормаларға қарап баға беруге болады. COVID-19 пандемиясы әлеуметтік жағдайлардың салдарынан ғана емес, күнделікті өмір салтымызда, мәдениетімізде де «жаңа норманың» қалыптасатынын көрсетті. Мұны 2020 жылдан бері қалыптасқан кейбір дағдыларға қарап анықтауға мүмкіндік туады. Мақалада «жаңа норма» анықтамасына зерттеу жасалынып, «жаңа норма» бойынша әртүрлі өзгеріске ұшыраған жағдайларға болжамдар көрсетілген. COVID-19 пандемиясы жағдайында қалыптасқан қоғамдық нормаларға сипаттама шолу берілген, жалпылама талдау жасалған. Авторлар қашықтықтан жұмыс істеуге кәсіби дайындықтың мәселелерін, атап айтсақ, кеңседен тыс жұмыс істеудің техникалық дағдыларын, қызметкерлердің цифрлық сауаттылығы және өзін-өзі бақылау дағдыларын жетілдірудің маңыздылығын атап өткен. Пандемия кезінде цифрлық сауаттылықтың өсуіне назар аударылған. Көптеген компания қызметкерлерінің карантин кезеңінде бейнеконференцияны, топтық жұмыс чаттарын, жобаны басқару жүйелерін, бұлтты қызметтерді және тағы басқа цифрлық дағдыларды сәтті игергені туралы айтылған. Мұның бәрі қосымша жұмыспен қамтуды дамытудың маңызды алғышарты екендігіне мән беріледі (фрелансинг, қосымша жұмыс, қашықтан оқыту). Сондай-ақ, қызметкерлердің қашықтықтан жұмыспен қамтуды жалғастыруы нәтижесінде қандай оң және теріс салдар қалыптасқанына салыстырмалы талдау жүргізілген.

Кілт сөздер: «жаңа норма», пандемия, құндылықтар, экономика, білім беру саласы, қашықтықтан білім беру, онлайн жұмыс, мәдениет, қоғам.

Kipicne

«Жаңа норма» («New Normal») термині 2007-2008 жылдардағы қаржы дағдарысынан кейін кеңінен таралды және бұрын негізінен жаһандық құлдыраудың әлеуметтік-экономикалық салдарын сипаттау үшін ғана қолданылған. Бүгінгі таңда «жаңа нормалық жағдай» жаһандық COVID-19 пандемиясының тек экономикалық емес, әлеуметтік салдарын, яғни адам өмірінің әртүрлі аспектілерін қарастыра отырып, бұл нормадан тыс «аспект» жақында үйреншікті жағдайға айналады дегенді білдіреді [1].

Қазіргі уақытта біз құндылықтарымызды және жалпы қоғамды қайта қарастыруды талап ететін «жаңа нормаға» тап болдық. Бұл жаңа норма «өмір салты», «жұмыс стилі» және «қарым-қатынас стилі» сияқты үш бағыт бойынша қоғамдағы жаңа, оның ішінде байланыссыз, цифрлық, қашықтықтан секілді жылжуларды жеделдетеді. Сондықтан, бүгінгі күнде, бизнес пен қоғам үшін аталған трансформацияларға тезірек өту бұрынғыдан да маңызды.

Қоғам жаңа норма дәуіріне өтпелі кезеңде тұр. Аса маңызды емес сапарлардан бас тарту, жабық жүйелерден аулақ болу (жабық кеңістіктер, адамдар көп жиналатын орындар және тығыз байланыстар), сонымен қатар «әлеуметтік қашықтық» деген түсініктер біздің әлеуметтік құндылықтарымыз бен мінез-құлқымызды түбегейлі өзгертуде. Вирустың таралуын болдырмауға арналған бұл алдын-алу шаралары біздің күнделікті өмірімізде, соның ішінде өмір салтымызда, жұмыс стилімізде және құндылықтарымызда парадигмалардың өзгеруіне алып келді.

Жаңа норманы келесідей сипаттап көрсетуге болады: стандартты жұмыс стилі — қашықтан жұмыс істеу; географиялық және уақытша кедергілерді жеңу үшін бизнесті жүргізу стилі — онлайн-аренада жүзеге асырылады; өмір салтымызда — инфекцияның алдын-алу үшін байланыссыз

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: a.sariyeva@gmail.com

операциялар және инфекциядан кейінгі бақылау сияқты қауіпсіздіктің жоғары деңгейі қалыптасады. Сонымен қатар, компаниялар автоматтандырылған операциялар мен штатты қысқартуды қажет ететін кезеңге дайындала отырып, ашық болу немесе бизнесті қайта бастау қажеттілігіне тап болады. Корпоративті өмірді сақтап қалу үшін басқару деңгейінде реформалар жүргізу қажеттілігі туындайды, бұл операциялық процедуралар мен цифрлық технологияның бұрынғыға қарағанда маңыздылығын арттырады. Сондай-ақ «жаңа нормаға» сәйкес көп адам жұмыс жасайтын орындарда жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесінің маңыздылығы арта түседі [2].

Зерттеу әдістері

Пандемия қоғамды жайлаған кезінде денсаулық сақтау және емдеу жүйелері, экономикалық өмір, әлеуметтік-экономикалық таптық құрылымдар мен нәсілдік қатынастар, іргелі институционалдық тетіктер, қауымдастықтар мен күнделікті отбасылық өмір сияқты маңызды құрылымдардың қалыпты жағдайын бұзады. Бүкіл әлемде, жекелеген елдер мен салаларды қоспағанда, қашықтықта жұмыс істеу режиміне өтті. Бұл үдерістегі кедергілер объективті (жұмыстың жекелеген түрлерін орындаудың физикалық мүмкін еместігі, құқықтық сенімсіздік және т.б.), сондай-ақ субъективті сипатта (жұмыс сапасы мен қызметкерлердің жүктемесін бақылаудың күрделілігі, еңбек өнімділігінің төмендеуінен қорқу және т.б.) болды. Қоғамдық санада мұндай жұмыспен қамту тұрақсыздықпен, бейресми еңбек қатынастарымен, шығармашылық кәсіптермен, қосымша жұмыспен сипатталды.

Қашықтан жұмыс істеуге кәсіби дайындық, негізгі екі мәселені қарастырудан басталды — кеңседен тыс жұмыс істеудің техникалық дағдыларын (цифрлық сауаттылық) және өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі бақылау дағдыларын жетілдіру. Пандемия кезінде цифрлық сауаттылықтың өсуі айқын байқалды. Карантин кезеңінде көптеген компания қызметкерлері бейнеконференцияны, топтық жұмыс чаттарын, жобаны басқару жүйелерін, бұлтты қызметтерді және тағы басқаларды сәтті игерді. Мұның бәрі қосымша жұмыспен қамтуды дамытудың маңызды алғышарты болды (фрелансинг, қосымша жұмыс, қашықтан оқыту). Кәсіпкерлер пандемия аяқталғаннан кейін қызметкерлерді қашықтықтан жұмыспен қамтуды жалғастырудың оң және теріс салдарын атап көрсетті. Оң салдары ретінде қашықтықтан жұмыс істеу режиміне ауысуы нәтижесінде компаниялар жалға алынған алаңдардың едәуір бөлігінен бас тартады, компанияның активтерін сақтап қала алады. Теріс салдары, қашықтыққа байланысты корпоративтік ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері артады. Оның ішінде, қызметкерлердің цифрлық қауіпсіздікті сақтауына қойылатын талаптар артады, цифрлық бизнес-сервистердің корпоративтік жазылуларына сұраныс артады (1-кесте) [3].

Зерттеу нәтижелері

1 - кесте

«Жаңа норма» бойынша жұмыс стилі бойынша болжамдар

| Гипотеза | Қысқа мерзімді болжам (1-3 жыл) | Ұзақ мерзімді болжам (5-7 жыл) |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Үйде жұмыс жасаудың тиімділігі төменірек, сондықтан бұрынғыға қарағанда көбірек жұмыс жасау керек | Жақын арада адамдар ресми жұмыс кестесінен тыс және кеңседен тыс жұмыс істеуге мәжбүр болады, жұмыс нәтижесі дәстүрлімен салыстырғанда төмендеуі болады | Нормаланбаған еңбек режимі қалыпты жағдайға айналып, алдағы уақытта қашықтықтан жұмыс істеуді құқықтық реттеуді, заңдастыруды қарастыруды талап етеді |
| Қашықтан жұмыспен қамту қазіргі заманғы компаниялардың жаңа стандарты болады | Алдағы үш жылда қашықтан жұмыспен қамту форматы бүгінге дейінгі қарқынмен баяу таралатын болады | Қашықтықтан орындауға болатын жұмыстардың барлығы онлайн форматқа ауыстырылады. Оған қашықтықтан басқару құралдарының дамуы өз әсерін тигізеді |

Пандемия барлығына қалыпты өмір салтын өзгертті. Көлікті таңдаудан бастап төлемді таңдауға, сатып алу әдістеріне және бизнесті жүргізу әдісін таңдауға кезіндегі көзқарастар және т.б. (2-кесте) [3].

«Жаңа норма» бойынша әртүрлі жағдайлар бойынша болжамдар

| Гипотеза | Қысқа мерзімді болжам (1-3 жыл) | Ұзақ мерзімді болжам (5-7 жыл) |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Үлкен қалаларда тұрғындардың барлығы жеке көлік түріне өтеді | Кептелістер саны, ЖЖМ мен автотауарларға сұраныс артады | Автокөліктер мен велосипедтерді жалға беру қызметтеріне сұраныс, жол және вело инфрақұрылымды дамытуға сұраныс артады |
| Интернет және телефон арқылы жүзеге асырылатын қаржылық алаяқтықтың өсуі орын алады | Қашықтан сәйкестендірудің (биометрия) және банк саласын цифрландырудың алғашқы қадамдары мемлекеттің бақылау және құқық қорғау функцияларын толықтырады | Алаяқтықтың қиын анықталатын түрлеріне алып келеді. |
| Пандемиядан кейін қолма-қолсыз төлем жасайтын тұрғындардың үлесі күрт артады | Қолма-қолсыз, оның ішінде байланыссыз төлемдерге баяу көшу болады | Жаһандық цифрландыру қаржы қызметтері нарығына жаңа ойыншыларды — IT-компанияларды шығаруды жалғастырады. Олардың жетістігі қазіргі төлем құралдарының сенімсіздігінен қаншалықты тез жеңуге болатындығымен сипатталады. |
| Оқшаулануда онлайн сатып алуға дағдыланған адамдар онлайн режимінде тауарларға тапсырыс беруді жалғастырады | Офлайн саудаға вирус жұқтырудан қорқу салдары теріс әсер етеді және экономикалық жағдайдың нашарлауына байланысты онлайн сатып алу да азаяды. Сонымен бірге, пандемиядан кейін адамдар пандемияға қарағанда интернеттен белсенді сатып алады, бірақ пандемия кезіндегі қарағанда аздау | Экономикалық жағдайдың қалпына келуімен және электрондық коммерция индустриясындағы ілгерілеумен онлайн режимінде сатып алу үлесі көптеген тауар санаттарында офлайн сегментінен жоғары болады |

Коронавирустық пандемия салдарынан болған өзгерістер әлеуметтік салаға үлкен әсер етті: «бетпе-бет» әлеуметтік байланыстар азайды, «әлеуметтік қашықтық» ұлғайды, әлеуметтік өзара іс-қимыл модельдері түзетілді. Пандемия адамдардың денсаулығы, отбасы және айналасындағы адамдар туралы көбірек ойлануына алып келді.

Кафелер, мейрамханалар және басқа да тағамдық қызмет көрсету орындарының жабылуымен, өзін-өзі оқшаулау кезінде азаматтар үйде, отбасыларымен тамақтануды әдетке айналдырды. Азаматтарда қорқыныш сезімінің артуына байланысты, өзін-өзі оқшаулау және пандемия кезеңінде депрессиямен ауыратын адамдардың саны өсті.

Салауатты өмір салтын түсіну және дене шынықтыруға деген көзқарас денсаулық пен тамақтану саласындағы жаңа тенденциялардың пайда болуына байланысты өзгерді, осыған байланысты мінез-құлықтың жаңа стандарттары қалыптасты. Негізгі қалыптасқан тенденциялардың бірі — денсаулықты тек физикалық тұрғыда өзін-өзі жақсы сезіну ғана емес, сонымен қатар моральдық, яғни стресске қарсы тұра алу мен эмоционалдық тұрақтылық ретінде қабылдау орын алды. Бұл тәсіл «бақыт» және «әл-ауқат» ұғымдарының одан да үлкен коммерциализациясына алып келді. 2020 жылға арналған халықаралық Euromonitor нарықтық зерттеулеріне сәйкес, салауатты өмір туралы түсінік соңғы жылда қарқынды өзгеруде. Жасына қарамастан, адамдар денсаулықты сақтау үшін психикалық әл-ауқаттың, жеткілікті ұйқының, физикалық формада болудың, эмоционалды әл-ауқаттың және арудың жоқтығының маңыздылығын түсіне бастады [3].

COVID-19 пандемиясы адамдарды денсаулығына мұқият қарауға мәжбүр етті. Өзін-өзі оқшаулау кезінде адамдар жиі қолдарын жуып, әлеуметтік арақашықтықты байқады, бетперде киіп, қол тигізген беттерін ғана емес, сонымен қатар үйге әкелінген тамақ пен сөмкелерді де дезинфекциялау қалыпты жағдайға айналды. Бұл денсаулықты сақтау, өзін-өзі күту бағыты бойынша «жаңа норма» болып қалыптасты.


Көптеген азаматтар үшін өзін-өзі оқшаулау кезеңі жеке білім алуға қол жеткізу мүмкіндігі болды. Бұрын жұмыс уақытына байланысты қатысу мүмкіндігі болмаған салалар бойынша ғылыми подкасттар тыңдап, өзін-өзі басқару марафондарына қатысты, онлайн курстардың өзектілігі артып, кең таралды. Осыған байланысты, шет елдік ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, алдағы уақытта ақылы қосымша онлайн білім беру индустриясы пандемия аяқталғаннан кейін де дами береді, бұл дағдарыс кезінде жұмысынан айырылған немесе онлайн режимінде айналысуға болатын мамандықтар арқылы болашақта өзін-өзі қорғауға дайын мамандардың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруына және қайта мамандануына мүмкіндік береді. Ғалымдардың пікірінше, 5-7 жыл көлемінде онлайн оқыту дәстүрлі оқыту форматына айтарлықтай бәсекелес бола алады [4].

Бос уақытты виртуализациялау коронавирустық пандемия кезеңіндегі басты құбылыстардың бірі болды. Музейлер, театрлар, көрмелер — келушілердің қатысуының дәстүрлі формасымен ерекшеленетін орындар қазіргі дағдарыстық жағдайда бейімделудің керемет дәрежесін көрсетті. Мультимедиялық онлайн-қызметтер пайдаланушыларға жеңілдетілген жазылым тәжірибесін және қазіргі уақытқа сәйкес келетін мазмұн ұсынды: бүкіл отбасы үшін онлайн ойын-сауық жинақтары, қолданушылар бұрын өткізіп алуы мүмкін фильмдер мен телешоулардың қолжетімді бағада қайта көрсетілуі және т.с.с. Бұл адамдардың уақытша құндылықтарын өзгертті. Мультимедиялық көрсетілімдер мен онлайн ойындардың шамадан тыс қолжетімді болуы және ұзақ уақыт бойы таза ауада сергу мен жұмыс істеу мүмкіндігінің болмауы таза ауада уақыт өткізудің, дала ойындары, демалыс, пикник, серуендеу сияқты қарапайым әрекеттердің құндылығының артуына алып келеді.

Талқылау

Пандемия Қазақстанда да «жаңа норманы» қалыптастыра алды. «Жаңа нормалық жағдайдың» елімізде орын алуы бойынша қысқаша талдау жасайтын болсақ: жұмыс стилі онлайн режимге өзгерді, білім беру қашықтықтан жүргізу тәжірибесі болды және тағы сол сияқты.

Қазақстанда қашықтықтан жұмыс істейтін қызметкерлер саны туралы ресми статистика жоқ. ANCOR Central Asia зерттеуі аясында 138 ірі халықаралық және қазақстандық компаниялардың басшыларынан сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнамаға сәйкес, компаниялардың 44 %-ы жедел қайта құруға және қызметкерлерді қашықтағы жұмысқа ауыстыруға мүмкіндік алған [5]. Headhunter зерттеуінің нәтижелері бойынша сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың 81 % қашықтықтан жұмыс істегілері келетіні анықталды (сауалнамаға 8276 талапкер қатысты) [6]. Hipo.kz компаниясының зерттеуіне сәйкес коронавирусқа байланысты респонденттердің 50 %-ы дерлік ақы төлеу арқылы қашықтықтан жұмыс істеуге ауысқан, 25 %-ы ақысыз демалысқа кетуге мәжбүр болған, адамдардың 10 %-ы жалақысының төмендеуімен қашықтықтан жұмыс істеуге ауысқан, тек 9 %-ы сол режимде жұмысын жалғастыруда (1-сурет) [7].



1-сурет. Hipo.kz компаниясының карантин жағдайындағы жұмыс режимі бойынша сауалнама нәтижесі

Пандемиямен күресу кезеңі ашық шекараларға, жайлылыққа, офлайн-коммуникациялардың барлық түрлеріне дағдыланған адамдарға жабық, қашықтан, байланыссыз өмір салтын қалпына келтіру өте қиын екенін көрсетті. Мұндай жағдайларда шетелдік шопинг, туризм, той-индустрия, адам көп шығындалатын іс-шаралар сияқты трендтер өзектілігін жоғалтты. Оларды басқа негізгі ағымдар алмастырады, олар көп ақша үнемдеуге, денсаулық пен жеке өсуге инвестиция салуға, өзін-өзі тәрбиелеуге және жаңа біліктілік мүмкіндіктерін іздеуге бағытталған. Сонымен қатар, аурудан қорқу және жақын адамдар үшін жауапкершілік біздің азаматтарымызды көптеген байланыс нысандарынсыз, әлеуметтік қашықтықты сақтауға үйретеді. Көптеген қазақстандықтарға ауқымды отбасылық мерекелерден, тойлардан бас тарту өте қиын, өйткені, біздің білуімізше, қазақ қонақжайлылығы, салтанатты мейрамдардың дәстүрлері біздің түп-тамырымызға еніп отыр.

Пандемия басталғалы бері Қазақстанда коммуникация мен құндылықтардың әдеттегі өмір салты өзгерді. Карантин кезінде бірінші орынға шыққан құндылықтардың ішінде азаматтардың спорттық өмір салтына, өз денсаулығына деген қамқорлыққа деген ұмтылысын ерекше ату керек. Ipsos мәліметтері бойынша, 2020 жылдың I тоқсанында денсаулық пен оған қамқорлық туралы алаңдаушылықтың өсуі байқалды. Сонымен қатар, салауатты тәжірибелер саны артты. Мысалы, спортпен шұғылданатын, аптасына кемінде бір рет жаттығу жасайтын адамдардың үлесі артты. Егер бұрын олардың үштен бірі болса, 2020 жылдың I тоқсанында бұл көрсеткіш 48 %-ға дейін өсті [8]. Көбісі спортпен шұғылдануға, физикалық және рухани денсаулықты нығайтуға уақыт бөлді. YouTube іздеу мазмұнында да фитнес және йога бағдарламалары, би және күш жаттығуларына арналған арналардың танымалдылығының артқанын байқауға болады. Ішкі туризмге сұраныс және елдің табиғи объектілеріне қызығушылық артты. Сонымен бірге қоғам үшін карантиндік шаралардың теріс салдары да алаңдатады. Жұмыссыздық, қаржылық қиындықтар әртүрлі құқық бұзушылықтар, қылмыс көбейді.

Оқу орындары, оқытушылар мен оқушылар оқу траекториясындағы үзілістерден COVID-19 келтірген зиянды жоюдың икемді жолдарын іздеуді жалғастырады. Бұл тұрғыда ашық мектептер (мысалы, Үндістанның Ұлттық Ашық мектеп институты; Жаңа Зеландия сәйкестік мектебі) және ашық университеттер (мысалы, Ұлыбританияның ашық университеті; Атабаска университеті, Канада), олардың көпшілігі COVID-19 пандемиясында жұмысын жалғастырды, кейде мүмкін әр түрлі курстар мен икемділікті қамтамасыз етті, оқу уақыты мен орнында студенттерге дұрыс жолға түсуге көмектесті. Әдетте сыныптарда немесе кампустарда бетпе-бет оқытуды жүзеге асыратын мекемелер бұл оқыту әдісіне біршама жеңілдікпен оралуы мүмкін болса да, COVID-19 дағдарысы кезінде олар қабылдаған арнайы шаралар өшпес із қалдырады. Жоғары білім беру жүйесінде онлайн оқытуды тарату одан әрі жеделдетіледі және мектептер ең пайдалы деп санайтын технологияларға негізделген оқытудың аспектілерімен айналысу үшін жүйелі түрде ұйымдастырылады. Барлық оқу орындары дағдарыс кезінде білім беру және жаттығу миссияларын жалғастыру үшін енгізген тегіктерден пайда көреді [9].

Бұл пандемияның салдары ұзақ уақыт бойы түсініксіз болуы мүмкін, сондықтан ең перспективалы тәсіл қоғамдық денсаулық сақтау үлгісіндегі қызметтер кешені болады — насихаттау, алдын алу және емдеуден бастап қолдауға дейін. Катрина дауылынан кейін үйренген сабақтардың бірі қауымдастықтар мен мектептер травматикалық оқиғадан зардап шеккендердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сенімді қоғамдық денсаулық сақтау инфрақұрылымына инвестиция салуы керек. Мектептер барлық оқушылардың жалпы психологиялық әл-ауқатын жақсартуға, қамқоршыларға және мектеп ортасына қолдау көрсетуге, сондай-ақ маңызды әлеуметтік-эмоционалдық және мінез-құлық мәселелеріне араласуға бағытталған қолдау көрсететін халыққа психиатриялық қызмет көрсетуді қарастыруы мүмкін. Ол үшін қоршаған орта факторлары мен араласу мәнмәтінің ескеретін, араласу іс-шараларын нақты анықтайтын және қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттарды көрсететін экологиялық жоспар қажет болады. Қамқорлықтың бұл деңгейі мемлекеттік және жергілікті білім департаменттерінің, қауымдастықтар мен отбасылардың ынтымақтастығын қажет етеді. Ақырында, бет терісі түрлі түсті адамдар әріптестеріне қарағанда COVID-19 асқынуларынан жиі қайтыс болған сияқты, сондықтан жоғары сапалы қолдауды қамтамасыз ету үшін мәдени факторларды түсінуді зерттеу қажет. Жалпы, оқушылар мектепке оралғанда, біз олардың өміршен екеніне және COVID-19 әсерінен қалпына келетініне көз жеткізуіміз керек [10].

Ең алдымен, оқиғалардың қалыпты ағымында да, психикалық ауруы бар адамдардың өмір сүру ұзақтығы аз және жалпы халыққа қарағанда физикалық денсаулығының нашар көрсеткіштері бар екенін мойындау керек.

Нәтижесінде бұрыннан бар психикалық денсаулығының бұзылуы және заттарды қолдану бұзылыстары бар адамдарда COVID-19 жұқтыру қаупі жоғары, тестілеу мен емдеуге қол жеткізу проблемалары қаупі жоғары және пандемиямен байланысты теріс физикалық және психологиялық салдарлардың қаупі жоғары болады.

Екіншіден, біз бұрын психикалық ауытқулары жоқ адамдар арасында мазасыздық пен депрессиялық белгілердің айтарлықтай өсуін күтеміз, кейбіреулері уақыт өте келе PTSD сезінеді. Қазіргі пандемия кезінде Қытайда бұл мүмкіндіктің бағаланбағаны туралы дәлелдер бар.

Үшіншіден, денсаулық сақтау және әлеуметтік көмек мамандары психологиялық симптомдардың пайда болу қаупіне ұшырайды деп күтуге болады, әсіресе егер олар денсаулық сақтау, алғашқы медициналық көмек, жедел жәрдем және қарқынды немесе сыни терапия саласында жұмыс жасаса. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл қауіпті денсаулық сақтау қызметкерлері үшін ресми түрде мойындады, сондықтан осы топтағы мазасыздық пен стресті басқару және ұзақ мерзімді перспективада күйіп қалудың, депрессияның және жарақаттан кейінгі стрестің алдын алуға көмектесу үшін көп нәрсе істеу керек [11].

Қорытынды

Коронавирустық індетке қатысты жағдай — «жаңа норманың» қалыптасуына ерекше әсер етті. Көптеген адамдардың өмірінде пандемиядан туындаған өзгерістер ауқымы және сипаты жағынан да ешқашан болған емес. Әлеуметтік қоғамдастықта не болып жатқанын «қорқыныш пандемиясы» деген атауға ие. Бірнеше айдың ішінде миллиондаған адамдар өмірдің мағынасын жоғалтудың қорқынышын түсінді немесе кем дегенде сезінді. Барлығына дерлік оның қандай екендігі, отбасындағы, жұмыстағы, қоғамдағы рөлі дәстүрлі өмір салтын түбегейлі өзгертті. Қоғамдық сана адамдар арасындағы нақты қатынастардың құндылығын, мемлекет пен жеке әлеуметтік институттардың адам өміріндегі рөлін қайта қарастырды. Әсіресе, өзін-өзі оқшаулауда адамдар цифрландырудың гуманитарлық рөліне — оның жұмыста, оқуда, бос уақытында ашатын мүмкіндіктеріне және егер ол бақылаусыз орын алса, орын алуы мүмкін қауіптерге жаңа көзқараспен қарауға көмектесті. Шын мәнінде, пандемия адамдарды «әрекет етуге дайын» және «күтуге дайын» деп бөліп қана қоймай, цифрландыруға қатысты арнайы психотиптерге —технооптимистер мен технопессимистерге, өзгерістерге дайын адамдарға және оларға дайын емес адамдарға жіктеді. Осы аталған жағдайлардың барлығы, азаматтардың қалыпты өмір сүру жағдайының «жаңа нормасын» қалыстырудың алғы шарты болды. Келешекте бүгінгі күнде «жаңа норма» болып жатқан жұмыс стилі, қарым-қатынасы мен адамдардың өмірлік құндылықтарға деген өзгерген көзқарастары қалыпты жағдайға айналады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Pamela Gh. The new normality post-COVID-19. Oki Europe [Electronic resource] / Gh. Pamela. — Access mode: https://www.oki.com/eu/printing/about-us/newsroom/blog/2020/life_post_pandemic/index.html
- 2 Lim M.C. et al. Changing New Normal Lifestyle in COVID-19 Pandemic: Sabah, Malaysia / M.C. Lim, S.S.S.A. Rahim, M.S. Jeffree, et al. // Annals of Public Health Reports. — 2021. — Vol. 5, No. 1. — P. 146-151.
- 3 Аймалетдинов Т.А. Новая нормальность. Образ жизни, рынок, инфраструктура и коммуникации после пандемии / Т.А. Аймалетдинов, И.А. Гильдебрандт, Е.Н. Никишова, Д.С. Рассадина // Аналитический центр НАФИ. — М.: НАФИ, 2020. — 73 с.
- 4 Tharanya A. E-learning is the future of education [Electronic resource] / A. Tharanya, Yu. Arfa. — Access mode: <https://www.nst.com.my/news/nation/2020/05/593006/e-learning-future-education>
- 5 Forbes Kazakhstan: Вернуть нельзя работать удаленно. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://forbes.kz/process/technologies/vernut_nelzya_rabotat_udalennno
- 6 Исследовательский центр компании HeadHunter: 80 % опрошенных казахстанцев желают работать удаленно. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://almaty.hh.kz/article/24357>
- 7 Исследование HiPO: как пандемия COVID-19 повлияла на рынок труда в Казахстане. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://hipo.kz/post/issledovanie-hipo-kak-pandemiya-covid-19-povliyala-na-rynok-truda-v-kazakhstane/>

8 Шаукенова З. Вирус заставил всех задуматься об истинных ценностях жизни. — [Электронный ресурс] / З. Шаукенова. — Режим доступа: <http://kisi.kz/index.php/ru/biblioteka/publikatsii/25-shaukenova-zarema-kaukenovna/6215-virus-zastavil-vsekh-zadumatsya-ob-istinnykh-tsennostyakh-zhizni>

9 Daniel S.J. Education and the COVID-19 pandemic / S.J. Daniel // Prospects. — 2020. — Vol. 49, No. 1. — P. 91–96. <https://doi.org/10.1007/s11125-020-09464-3>

10 Phelps C. Children and the COVID-19 pandemic / C. Phelps, L.L. Sperry // Psychological Trauma: Theory, Research, Practice, and Policy. — 2020. — Vol. 12, No. S1. — P. 73–75. <https://doi.org/10.1037/tra0000861>

11 Cullen W. Mental health in the COVID-19 pandemic / W. Cullen, G. Gulati, B.D. Kelly // QJM. — Vol. 113, No. 5. — P. 311–312. DOI: 10.1093/qjmed/hcaa110.

А.Т. Сариева, А.К. Жолдубаева

Новые ценности в период постпандемии: роль понятия «новая норма»

В то время как «новая норма» обычно рассматривается как ситуация, которая происходит после кризиса, пандемия нарушила нормальность важных структур, таких как система здравоохранения и лечения, экономическая жизнь, культура, социально-экономические классовые структуры и расовые отношения, фундаментальные институциональные механизмы, сообщества и повседневная бытовая жизнь. Ситуацию можно оценить, посмотрев на правила, введенные в глобальном масштабе. Пандемия Covid-19 показала, что «новая норма» формируется не только из-за социальных условий, но и в нашем повседневном образе жизни, нашей культуре. Это можно определить, взглянув на некоторые новые навыки и правила, которые существуют с 2020 года. В статье проведено исследование определения «новой нормы» и изложены прогнозы на ситуации, которые претерпели различные изменения по «новой норме». Дан описательный обзор общественных норм, сложившихся в условиях пандемии Covid-19, проведен обобщающий анализ. Авторами освещены вопросы профессиональной подготовки к удаленной работе, в частности, совершенствование технических навыков работы вне офиса, цифровой грамотности сотрудников и навыков самоконтроля. Во время пандемии основное внимание уделялось росту цифровой грамотности. Отмечено успешное усвоение сотрудниками многих компаний видеоконференций, групповых рабочих чатов, систем управления проектами, облачных сервисов и других цифровых навыков в период карантина. Все сводится к тому, что это важная предпосылка для развития дополнительной занятости (фриланс, подработка, дистанционное обучение). Также проведен сравнительный анализ того, какие положительные и отрицательные последствия сложились в результате продолжения работниками дистанционной занятости.

Ключевые слова: «новая норма», пандемия, ценности, экономика, сфера образования, дистанционное образование, онлайн-работа, культура, общество.

А.Т. Sariyeva, A.K. Zholdubayeva

New values in the post-pandemic period: the role of the concept of “new norm”

